



Digital Bridge 2023: ЖАҢА ДӘУІР

Жасанды интеллект ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды

2



«МІРЖАҚЫП. ОЯН, ҚАЗАҚ!»

Әр қазақ көретін кино...

6



АЛМАТЫ – ТУРИЗМ ОРДАСЫ

7

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №122 (6415) 14 қазан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Мегаполис экономикасы:

1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ

Елімізде өңдеу өнеркәсібінің даму қарқыны бойынша Алматы тұрақты түрде бірінші орында келеді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады

Президентке Алматы қаласының биылғы 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы туралы баяндалды. Қала экономикасының қарқынды өсіп келе жатқаны, қысқа мерзімді экономикалық индикатор жыл басынан бері 13,5 пайызға көтерілгені жөнінде мәлімет берілді.

Өңдеу өнеркәсібінің даму қарқыны (+21%) бойынша Алматы елімізде тұрақты түрде бірінші орында келеді. Мегаполис экономикасына 1 триллион теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл ретте жеке инвестициялардың өсімі 7,3 пайызды құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша экономика өсімінің қарқыны 6,5 пайызға дейін жетеді деген болжам бар.

2

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ЖЫЛУ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

Алматыда 10 қазаннан бастап алдымен әлеуметтік нысандарға, яғни ауруханалар мен емханаларға, мектептер мен балабақшаларға жылу берілген болатын. Енді кезек-кезеңімен тұрғын үйлер жылу көзіне қосыла бастады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев нысандарды санаты бойынша кезек-кезеңімен қосу үшін тиісті қаулыға қол қойды. Әлеуметтік нысандардан кейін алдағы демалыс күндері тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттарға жылу кезек-кезеңімен беріледі. Қазір жылу желілерінің айналымы (құбырларды жылыту) бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Алматыда барлығы 214 мектеп, 190 балабақша, 128 аурухана және 8836 көппәтерлі тұрғын үй орталық жылу жүйесіне қосылады.

Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының мәліметінше, қалалық желілер мен жылумен жабдықтау жүйелері алдағы қыс маусымына 100% дайын. Осы жылдың жылуаралық кезеңінде Алматыда 17 шақырымнан астам жылумен жабдықтау желілері, 120 ша-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қырым электрмен жабдықтау, 43 шақырым сумен жабдықтау, 29 шақырым газбен жабдықтау қайта жаңартылып, жөндеуде.

Айта кетейік, тұтынушыларды жылумен жабдықтау белгіленген ретпен жүзеге асырылады. Мәселен, алдымен балалар, емдеу, мектеп

мекемелері, кәсіптік мектептер, медициналық-әлеуметтік мекемелер жылу көздеріне қосылса, одан кейін тұрғын үйлер, жатақханалар, қонақ-үйлер, содан кейін әкімшілік ғимараттар, оқу орындары, театрлар және т.б. мекемелер жылумен қамтылады.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.10.2023

Түнде:



+3+5 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

15.10.2023

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





АҚОРДА

(Басы 1-бетте)

Мегалополисте белсенді жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 341 мыңға дейін жетіп, 25,8 пайызға артты. Республикалық бюджеттің түсімі 38,4 пайызға өсіп, 3,91 триллион теңгеге дейін жетті. Жергілікті бюджеттің түсіміне қатысты жоспар 28,7 пайызға (243 млрд теңге) асыра орындалды. Жыл басынан бері 58,7 мың жұмыс орны ашылды, оның 77 пайызы тұрақты жұмыс орны.

Мегалополис экономикасы:

1 ТРИЛЛИОН
ТЕНГЕ
ИНВЕСТИЦИЯЕлімізде өңдеу
өнеркәсібінің даму
қарқыны бойынша
Алматы тұрақты
түрде бірінші орында
келеді

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 18 тамызда Алматы қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте берілген тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндалды. Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жер сілкінісі туралы алдын ала хабарлайтын 28 сейсмостанция орнату жұмыстары толығымен аяқталды. Төтенше жағдай кезінде адамдар жиналатын 545 қауіпсіз орын анықталды. Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің бірыңғай стандарты әзірленді. Жыл басынан бері өлім-жітім көрсеткіші 11 пайызға, ана өлімі 32,4 пайызға, бала өлімі 35,5 пайызға төмендеді. Білім беру саласында 4,9 мың оқушыға арналған 10 мектеп және 4 қосымша оқу корпусы салынды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қаланы коғалдандыруға және қоғамдық кеңістікті дамытуға ерекше назар аударылады. Жыл соңына дейін қаладағы жасыл-желек көлемі жан басына шаққанда 12,3 шаршы метрге дейін ұлғаяды.

Алматы қаласының әкімі жыл басынан бері жасыл-желекті автоматтандырылған суару жүйесімен қамту көрсеткіші 3,4 есе өскенін мәлімдеді. Биылғы 9 айда 405 гектар аумақта жұмыс жүргізілді. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 587 гектарға дейін жеткізіледі.

Сонымен қатар, Президентке Алматыдағы орталықсыздандыру ісінің аралық нәтижелері таныстырылды. Мемлекет басшысы қолдаған бастама аясында аудан әкімдіктеріне олардың бюджеттерін 3,1 есеге, яғни 184,3 миллиард теңгеге дейін ұлғайта отырып, 15 функция берілді.

Бүгінде 196 мың шаршы метр жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 100 шақырымнан астам сумен жабдықтау және су тарту желілері және т.б. салынды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындарды сапалы сумен, су бұру желілерімен қамтамасыз ету, инвестиция тарту жөніндегі шараларды күшейту, сондай-ақ Алматы агломерациясымен көлік байланысын жақсарту жөніндегі жобаларды одан әрі іске асыруға ерекше назар аударуды тапсырды.

ФОРУМ

Digital Bridge 2023:

ЖАҢА ДӘУІР

Жасанды интеллект ғылыми фантастика емес,
өмірдің ақиқатына айналды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge 2023 халықаралық форумына қатысты. Қазақстан Президенті бұл форумның кейінгі бес жылда IT индустриясының соңғы үрдістері мен даму перспективаларын талқылауға арналған Орталық Азиядағы ең ірі алаңға айналғанын атап өтті. Бұл шараның тақырыбы – өте өзекті, қысқа мерзім ішінде жасанды интеллектті дамыту үшін барлық жағдайды жасау қажет.

– Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллект технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне пара-пар. Аталған технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқара алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЗАМАНАУИ БАЗА ЖӘНЕ
ЦИФРЛЫҚ КОДЕКС

Президенттің пікірінше, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланудың да маңызы зор. Атап айтқанда, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін анықтауға және оларға проактивті мемлекеттік қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін «Отбасының цифрлық картасы» іске қосылды. Мұндай өнімді «Бәйтерек» холдингі базасында бизнес үшін де енгізу керек. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде бұл бағытта ауқымды цифрлық трансформациялау жұмыстары басталғанын айта кеткен жөн.

– Біз озық әлемдік тәжірибеге сай келетін, нарықтың қажеттілігі мен азаматтардың мүддесін ескеретін, құқықтық тұрғыдан реттейтін заманауи база әзірлеу ісін жеделдетуіміз керек. Құқықтық шарттар халықаралық компаниялардың біздің нарыққа келуін ынталандыруы қажет. Ол үшін мүдделер теңестіріліп сақтап, ашық және әділ «ойын ережелерін» қалыптастырған жөн. Жалпы, жасанды интеллект құралдарын адамдардың күнделікті өміріне кіріктіру оңай міндет емес. Бұл

ретте олардың құқықтары мен бостандықтары бұзылмауы тиіс. Форумға қатысушылар осы саланы реттейтін негізгі құжаттарды, соның ішінде Цифрлық кодекс жобасын әзірлеуге үлес қоса алады деп үміттенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТТЫҚ ПЛАТФОРМА
ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы инфрақұрылымды дамытқан кезде IT-өнім әзірлеушілердің қажеттілігі әрдайым алдын ала ескерілу қажеттігін айтты. Ең алдымен, есептеуіш орталықтардың қуатын арттыру керек. Үкіметке екі жыл ішінде жасанды интеллекті маманданған дата-орталықтардың құрылысын жүргізуді тапсырды. Бұл іске Amazon, Google, Mastercard және Citigroup сияқты әлемге танымал компанияларды тартуға болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіге арналған деректер экожүйесін дамытуға шақырды. Жасанды интеллектің «қорегі», қозғаушы күші – үлкен деректер қоры.

– Қазақстанда осы салада түрлі шешімдер жүзеге асырылды. Алайда, мемлекеттік органдарда жинақталған ұшы-қиырсыз деректер қорына қолжетімділік шектеулі болуына байланысты оның әлеуеті әлі толық пайдаланылмай отыр. Бұл жерде ақпараттың

формасын іске қосқан дұрыс. Бұл бастама мемлекет пен ірі бизнес деректерін біріктіріп, олардың өзектілігі мен қолжетімдігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл шаралардың бәрі жасанды интеллект элементтерін пайдаланатын стартаптарымыздың Қазақстанда және әлемде сұранысқа ие, мүлде жаңа IT шешімдер жасауына мүмкіндік береді, – деді Президент.

5G ЖЕЛІСІ ТЫҢ
СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Ұлттық статистика бюросын нағыз цифрлық ведомствоға айналдыратын маңызды реформаны жүзеге асыру керектігіне маңыз берді. Оның айтуынша, статистикалық және басқа да деректерді ретке келтіру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Атап айтқанда, басқару саясатын әзірлеу, деректердің мақсатты архитектурасын анықтау мәселесін назардан тыс қалдырмаған жөн. Бұл мемлекеттің тиімді шешімдер қабылдауының негізгі шарты болмақ. Сонымен қатар, 5G желісін кең көлемде енгізу инновацияның дамуына тың серпін береді.

Еске сала кетсек, елімізде 2027 жылға дейін барлық облыс орталықтарын ұялы байланыстың жаңа буынымен қамту міндеті жүктелген. Президент аманаттағандай, «Үкімет бұл жұмысты мерзімінен бұрын,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ
ой-орамдарынан:

- Жасанды интеллектті қолдану аясын және оны дамытудың міндеттері мен құралдарын айқындайтын стратегиялық құжат қабылдау керек. Мұндай қадам елімізді технологиялық тұрғыда дамытудың орнықты бағытын айқындауға мүмкіндік береді.
- Ең алдымен, жасанды интеллект технологиясын экономикамыздың мұнай-газ секторы, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика секілді маңызды салаларына енгізуге мән беруіміз қажет.
- Жасанды интеллект қалаларымыздың өмір сүруге және жұмыс істеуге қолайлы әрі толыққанды ақылды қалаға (smart city) айналдыру процесін айтарлықтай дәрежеде оңтайландыра алады.
- Жасанды интеллектті нормативтік тұрғыда реттеу қажеттігі екінші басымдық. Бүгінде 120-дан астам ел бұл мәселені шешу үшін әртүрлі заңнамалық акті қабылдаған.
- Цифрлық инфрақұрылымды дәйекті түрде дамыту маңызды. Озық IT-инфрақұрылым цифрлық индустриядағы келешек прогреске, атап айтқанда, жасанды интеллекттің дамуына негіз қалайды.

«ашықтық презумпциясын» басымылыққа алу керек. Smart Data Үкімет арқылы анонимді деректерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет. Мен бұл жерде барлық ақпараттың анонимді болғаны әрі сенімді қорғалғаны жөн екенін айтып отырмын. Жеке деректердің таралуы кетуіне қатысты барлық қауіпті жою керек. Сонымен қатар, келесі жылы Ұлттық жасанды интеллект плат-

яғни 2025 жылдың соңына дейін аяқтауы қажет. Әрине, мерзімнің өзгеруі көрсетілетін қызметтердің сапасына әсер етпеуге тиіс. Бұдан бөлек, төменгі орбитадағы спутниктік жүйелердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шалғай аудан тұрғындарын интернетпен қамтамасыз ету маңызды. Үкімет бұл мәселені жан-жақты пысықтауы керек. Қажет болған жағдайда заңнамаға өзгерістер енгізуге болады».

ЖАҢА ДАҒДЫЛАРҒА
МЕКТЕПТЕН БАСТАП
БАУЛУ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесін еңбек нарығының келешектегі сұранысына бейімдеу қажеттігін келесі басымдық ретінде атап өтті. Президент автоматтандыру және жасанды интеллекттің одан әрі дамуы жаһандағы еңбек нарығын түбегейлі өзгертеді деп санайды. Адам еңбегі трансформацияға ұшырап, мүлдем жаңа кәсіби дағдыларға сұраныс пайда болады. Сондықтан қызметкерлерді жаңа дағдыларға мектептен бастап баулу қажет. Мемлекет басшысы білікті ұстаз тапшылығын шешу мақсатында Үкіметке мектеп оқушылары мен студенттер үшін онлайн платформаны пилоттық режимде іске қосуды тапсырды. Сол арқылы олар бағдарлама жасауды үйренеді.

– Сонымен бірге, университеттерде пәндерді оқытудың мазмұны мен әдісін айтарлықтай жаңарту қажет. Болашақ мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, заңгерлер және салалық мамандар жасанды интеллект бойынша базалық білімді міндетті түрде меңгеруі керек. Назарбаев Университеті жанындағы Ақылды жүйелер және жасанды интеллект институтын толыққанды ғылыми-зерттеу институтына айналдыру тағы бір маңызды қадам болмақ. Ол үздік мамандар мен сарапшылардың орталығына айналып, біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Институт құрамына IT индустриясының әлемдік және отандық көшбасшыларымен тығыз байланыста жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орталығы кіреді. Осы ретте Институт әзірлемелерін тиісті деңгейде коммерцияландыру және кеңейту маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АДАМЗАТҚА ИГІЛІК
ӨКЕЛЕ МЕ, ӘЛДЕ
ҚҰРДЫМҒА КЕТПІРЕ МЕ?»
ДЕГЕН СҰРАҚ ӘЛІ ДЕ
ӨЗЕКТІ

Президент инновацияның және технологиялық прогрестің ең маңызды қозғаушы күші ретінде венчурлық капитал нарығын дамыту керек екенін атап өтті.

Президенттің айтуынша, қазір жасанды интеллект өте қарқынды дамып жатыр. Соның арқасында инклюзивті және тұрақты дамуға арналған тың мүмкіндіктер пайда болуда. Бұл салада жаһандық бәсеке өте жоғары. Қазақстан осы үрдістен тыс қалмауы керек. Бұл – заман талабы. Қазіргі міндет – еліміздегі IT-мамандардың, сарапшылардың, ғалымдардың басын қосып, олардың күш-жігерін тиімді пайдалану. Сондай-ақ, халықаралық серіктестердің зор мүмкіндіктерін еліміздің қадесіне жарату.

Сонымен қатар, тағы бір маңызды мәселеге назар аударған жөн. Жасанды интеллект технологиясы адамзатқа қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Мұның арты неге әкеп соқтыратыны белгісіз. Ғалымдар арасында бұған қатысты ортақ пайым жоқ. Яғни жасанды интеллект адамзатқа игілік өкеле ме, әлде құрдымға кетіре ме деген сұрақ әлі де өзекті болып тұр. Сондықтан осы мәселеге саналы түрде қарап, жасанды интеллекттің дамуын жеті назарда ұстау – аса маңызды міндет. Бұл – технологиялық даму заманында ұжымдық қауіпсіздік мәселесі бақылауда болуы керек деген сөз.

Мемлекет басшысы қазір елімізде саяси жүйе түбегейлі жаңғыртылып жатқанын, білім мен жаңа технологияны негізге алатын экономика құру ісі басталғанын айтты. Әділетті Қазақстанда әр азаматтың жан-жақты дамуына мүмкіндік болады. Сондай-ақ, халықтың әл-ауқатын жақсартуға баса мән берілмек. Цифрлық номадтардың, яғни мықты IT-мамандардың Қазақстанға келіп, жұмыс істеуіне барынша қолайлы жағдай жасалады. Инновациялық кәсіпкерлік пен креативті индустрия дамиды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ТМД: БІРЕГЕЙ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚ
жаһандық нарықтарды ұштастырады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкек қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер басшылары кеңесінің отырысына қатысып, сөз сөйледі. Қазақстан Президенті ТМД жанындағы Серіктес және Бақылаушы мәртебесінің бекітілуін бүгінгі отырыстың айтулы оқиғасы ретінде атап өтіп, бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және оны дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсететініне назар аударды.

Әділдік қағидаты –
маңызды басымдық

Қазақстан Президенті геосаяси қайшылықтардың шиеленісе түскенін атап өтіп, әлем экономикасында тұрақсыздық күшейгенін айтты. Қазақстан жаһандық сауда-саттық пен мемлекеттердің әл-ауқатына кері әсер ететін экономикалық санкцияларды қолдануға түбегейлі қарсы екенін мәлімдеді. Таяу Шығыстағы қазіргі ахуалға қатысты пікір білдірді. «Қазақстан халықаралық өзекті проблемаларды шешу үшін лаңкестік әдістерді қолдануға мүлдем қарсы. Ондаған жыл бойы шешімін таппай келе жатқан міндеттерді жүзеге асыру үшін бейбіт азаматтарға зорлық-зомбылық көрсетіп, террорлық акциялар жасауға болмайды. Бұл – еш ақтауға келмейтін әрекет», – деді. Қазақстанның халықаралық қатынастарда әділдік қағидатын орнатуды, халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшесінің заңды және егемендік құқығын ескере отырып, оны демократияландыруды жақтайтынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев табысты ынтымақтастықты нығайту үшін жаңа салаларды іздеуге бағытталған ТМД форматындағы белсенді ықпалдастықты жалғастыруға шақырды. Оның пікірінше, сауда кедергілерін жоюға, қолайлы тарифтік жағдай жасауға, әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге баса мән беру қажет. Президент Достастық кеңістігіндегі көлік дәліздерін дамыту маңызды екеніне назар аударды.

– Біз өзіміздің бірегей географиялық артықшылығымызды пайдаланып, жаһандық нарықтарды ұштастыруымыз керек. Осылайша аймағымызды ірі көлік-логистикалық хабқа айналдырамыз. Әлемде жаңа экономик



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер басшылары бас қосты

калық география қалыптасып, сауда ағындары ұлғая түскен қазіргі жағдайда бұл бағыт стратегиялық маңызға ие болады. Бүгінде Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық-транзиттік тасымалдың 80 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Біз Транскаспий көлік бағытын, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін одан әрі дамытуға, сондай-ақ «Қазақстан – Түркіменстан – Иран» теміржолының мүмкіндіктерін толыққанды пайдалануға айрықша мән береміз. Қазақстан «Достық – Мойынты», «Бақты – Аяғөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол жобаларын тезірек іске асыруды көздейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Күре жолдарды өзара ұштастыру
тұжырымдамасы

Мемлекет басшысы елдеріміздің транзиттік әлеуетін нығайту үшін қазіргі қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртып, әкімшілік рәсімдерді қысқарту және интеграцияланған логистикалық, соның ішінде цифрлық шешімдерді енгізу шараларының маңызды екеніне арнайы тоқталды.

ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынды. Оның пікірінше, бұл құжат Еуразия кеңістігіндегі Достастық елдерінің мүдделерін ескеретін жаңа транзиттік-логистикалық кодқа айналмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін келесі басымдық ретінде атап өтті: «Анағұрлым өнімді әрі экологиялық таза ауыл шаруашылығын дамыту үшін өзара ықпалдастықты күшейткен жөн. Озық тәжірибемен бөлісіп, өндіріс пен өткізілетін өнім арасындағы тізбекті жолға қою, сондай-ақ фитосанитариялық және ветеринарлық талаптарды оңтайландыру үшін қолайлы жағдай жасау қажет».

Мемлекет басшысының айтуынша, климаттың жаһандық деңгейде өзгеруі елдеріміздің орнықты дамуына айтарлықтай қауіп төндіреді.

– ТМД-ға мүше бірқатар мемлекеттің аумағында қазіргі экологиялық ахуал нашарлап, шөлге айналу және су қорының сарқылу жағдайында бұл проблеманы елеусіз қалдыруға болмайды. БҰҰ бағалауына сәйкес 2050 жылға қарай климаттағы өзгеріс салдарынан бес миллиардтан астам адам су тапшылығына ұшырауы мүмкін. Қазірдің өзінде Орталық Азия елдері Жер шарындағы орташа температураның көтерілуіне байланысты күрделі проблемаларға тап болып отыр, – деген Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің аталған саладағы маңызды жобалары туралы мәлімет берді. Өзара күш-жігер жұмылдырмай, Еуразия кеңістігіндегі экологиялық катаклизмдердің салдарын еңсеру мүмкін емес екенін атап өтті. ТМД аясында осы бағыттағы конструктивті қарым-қатынасты нығайту аса маңызды.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл
мәртебесін күшейту
саясаты жалғасады

Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселесіне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше елдер арасындағы көпжақты ықпалдастықта орыс тілі ерекше рөл атқаратынына тоқталды.

– Биыл ТМД-да «Орыс тілі жылы» деп жариялануының символдық мәні бар. Сонымен қатар, біз бүгін Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы Шарт пен Жарғыға қол қою жөнінде тарихи шешім қабылдаймыз. Бұл ұйым дербес халықаралық құрылымға айналады, құқық субъектісі ретінде танылады. Жаңа ұйым барлық ел үшін ашық болады. Әрине, бұл – жаһандық гуманитарлық ынтымақтастық тұрғысынан өте өзекті. ТМД кеңістігінде және одан әлдеқайда кеңірек халықаралық ауқымда орыс тілін насихаттау үшін қабылданып жатқан шаралар елдеріміздің ұлттық бірегейлігін нығайту үрдісіне кері әсер етпейді. Қазақстан қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін күшейту саясатын жалғастыра береді, – деді Мемлекет басшысы.

2024 жыл – Волонтерлік
қозғалыс жылы

Президент Достастық елдерінің волонтерлер бірлестіктерінің күш-жігерін жұмылдыру маңызды екеніне назар аударды.

– 2024 жылды ТМД-да Волонтерлік қозғалыс жылы деп жариялау бастамасын құптаймыз. Қазақстан 2020 жылды Волонтер жылы ретінде атап өтті. Еріктілердің ізгі амалдары қоғамымызда тілеулеттік, мейірімділік және жанашырлық қасиеттерінің терең тамыр жаюына елеулі үлес қосады. Мұндай адамгершілік талпыныстарға жан-жақты қолдау көрсету маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Достастық елдері еріктілерінің жыл сайынғы форумын өткізуді және оған ТМД-ның тұрақты алаңы мәртебесін беруді ұсынды.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында 2024 жылы Ресей Федерациясының ТМД-ға төрағалық етуі және кезекті саммитті келесі жылы күзде Мәскеуде өткізу туралы шешімді қолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты.

Саммит қорытындысы бойынша Достастық елдерінің президенттері бірқатар құжаттарға қол қойды.

Мемлекеттер басшылары кеңесінің келесі отырысы 2024 жылы Ресей Федерациясының төрағалығымен өтеді.

ҚАНДАСТАР

ҚОНЫС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Жыл басынан бері 16 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды

2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 16 408 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 123,5 мың этникалық қазақ оралды, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Жыл басынан бері Қазақстанға Өзбекстаннан (53,7%), Қытайдан (19,3), Моңғолиядан (10,9%), Ресейден (7,7), Түркіменстаннан (6,3%) және басқа да елдерден (2,1%) қандастарымыз келген.

1 қазандағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 61,2%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кішілер 30,3%-ды және зейнеткерлер 8,5%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15,5%-ы жоғары білімді, 34,4%-ы орта кәсіби білімді, 41,5%-ы жалпы орта білімді, және 8,6%-ында білім жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды. Қандастарды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер анықталды. Олар: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қоныстандыру өңірлерінде 2023 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 1925 адамды құрайды. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1870 қандас қоныс аударды.

Өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде ұсынылатын мемлекеттік қолдау шаралары:

- бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) мөлшерінде;
- тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.



Жыл басынан бері 1254 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, 522 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 1254 адам біржолғы субсидия алды, ал 513 қандасқа тұрғын үй шығындары субсидияланды.

Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

• Биыл пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды. Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда республиканың шетелдердегі мекемелері арқылы этникалық қазақтардан жаңа форматта 2037 өтініш (681 отбасы) қабылданды.

ҚАБЫЛДАУ

МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

«Қазақ тілі» қоғамы мемлекеттік тілді
ғылым мен техника тіліне айналдыруға
бағдарланады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Рауан Кенжеханұлын қабылдады.

Кездесу барысында мемлекеттік тілді нығайту ісіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

Президент қазақ тілін одан әрі дамыту мәселесі әрқашан мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып қала беретінін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ең алдымен, қазақ тілінің қолданыс аясын арттыруға бағытталған практикалық жұмыстарға басымдық берген жөн. Оның ішінде білім беру ісіндегі, технологиядағы және медиа саласындағы қазақша контент пен цифрлық өнімдерді әзірлеуге айрықша мән беру қажет.

Сондай-ақ, Президент балаларға арналған анимациялық туындылар шығарудың, көпшілікке арналған кино өнімдері мен ғылыми-танымдық әдебиеттер қорын молайтудың, әлеуметтік желілерде ағартушылық бағыттағы арналар ашудың маңыздылығына назар аударды. Оған қоса, ғаламдық цифрлық платформаларды қазақшалап, тіл үйренуге мүмкіндік беретін отандық ақпараттық жүйелерді көбейту қажеттігін атап көрсетті.

Сонымен қатар, Президент әртүрлі әлеуметтік топтардың, оның ішінде жастардың арасында тіл тазалығын сақтау үшін оқу және жазу сауаттылығын арттыруға арналған шаралардың қажеттілігіне ерекше тоқталды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі» қоғамын мемлекеттік тілді ғылым мен техника тіліне айналдыру бағытында жұмыс жүргізуге шақырды. Сондай-ақ, әлемдік тәжірибеде мәдени, гуманитарлық сипаттағы ұйымдар эндаумент қорлар арқылы жұмыс істейтінін атап өтіп, Қоғам қызметін одан әрі жандандыру үшін осы тәжірибені енгізуді ұсынды және оған өз атынан үлес қосатынын мәлімдеді.

«Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы қордың бастамасымен жүзеге асырылған жобалар мен алдағы жоспары жайында мәлімет берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kzortcom.kz).



САРАПТАМА


ҚАУІПТІ ҚАҚТЫҒЫС

Орта Шығыста оянған жанжалдың бағыт-бағдары қандай?

Таяу Шығыстағы қайта басталған қақтығыс қазіргі жаһандық жағдайдың тым күрделі күйде екенін тағы бір дәлелдеді. Иә, бұл аймақ «шахмат тақтасындағы» сұрапыл ойындай, ұдайы қақтығыстың ошағына айналып келгені рас. Бірақ соңғы жылдары аймақтағы геосаяси ойындар біршама азайып, ірі державалардың бәсекесі әлемнің басқа сахнасына қарай көше бастаған еді. Бірақ Таяу Шығыста сөнбеген өшпенділік қолатасы қайта лап етті де, әлем назары тағы да осы аймаққа ауды. Израиль мен Хамас ортасында қарулы қақтығыс тез арада үлкен халықаралық жарылысқа да апарып соқты. Израильді және Палестинаны қолдаушы тараптар болып қазірше мәлімдемелердің айқасы жүріп жатқандай. Олай болса, Орта Шығыста оянған жанжалдың бағыт-бағдары қандай?

Болжам және қас-қағым тыныштық

Соңғы жылдары Орта Шығыста қайшылықтардың дауылы саябырсып қалып еді. Парсы шығанағы елдерінің де қарым-қатынасы дұрыстала бастағандай көрінген. Иран шығанақтың қарсы бетіндегі араб елдерімен, тіпті Сауд Арабиясымен де барыс-келіс жасай бастаған болатын. Израиль де бірқатар араб елдерімен дипломатиялық қарым-қатынасын дамытып, ашыла түскен. Катардан Израильге, Израильден Кувейтке әуе жолдары да ашылғанын көріп едік. Осыған қарап аймақта өзара сенім мен келісімнің дамуынан үміт те оянған. АҚШ-тың аймақтағы стратегиялық қадамдары да бұл үмітті еселеп арттырды. Айталық, Иран мен Сирия жеріндегі толассыз соғыстар тоқтап, ДАИШ жеңіліп, коалиция күштері және америкалық әскерлер шығарылды. Ал бұдан екі жыл бұрын АҚШ Ауғанстаннан да әскерлерін алып кетті. Тәліптердің әсіреліншіл ұстанымдарына қарамастан елдегі зорлық-зомбылық кейістері кеміп, біршама тыныштық орнаған. Тіпті, осы жағдай болашақта аймақтағы үш тұғырлы күш орталығы –



Карикатура авторы Ғалым СМАҒҒҰЛЫ.

Иранның аймаққа әсер ету мүмкіндігі

Иран, Сауд Арабиясы және Израиль арасында да баянды тыныштық пен келісімге жол ашуы мүмкін деген болжамдар да жасалып еді. Бірақ олай болмай шықты. Израильдің агрессивті әрекеті, оған қайтарған Хамастың агрессивті жауабы және Тель-Авивтің қарымта соққысы аталмыш болжамды жоққа шығарды.

Аймақтағы қас-қағым тыныштық көбінесе ірі державалардың әрекетіне байланысты болды. Айталық, Қытай жаңа держава ретінде көтеріліп, Құрама Штаттар оның Үнді және Тынық мұхитындағы ықпалын тежеу үшін жұмыстануына тура келді. АҚШ аймақтағы стратегиясын өзгертіп, Сирия мен Ирак жерінен, тіпті Ауғанстаннан да әскерін шығарып кетті. Негізінен назарын Үнді-Тынық мұхит аймағына қарай аударды. Үндістанмен, Филиппин, Вьетнам, Индонезия сынды Оңтүстік және Оңтүстік Азия елдерімен, сондай-ақ Тынық мұхиттағы аралды елдермен байланысын дамытты. Осы тұста ірі ойыншылардың «шахмат тақтасы» Үнді-Тынық мұхит аймағына ауысты деген сынайлы пікірлер көптеп айтылды. Қазір байқағанымыздай, ірі ойыншылар әлемнің ешбір аймағын назардан тыс қалдырмауға тырысатындай. Бір сөзбен айтқанда, Хамастың күтпеген шабуылынан кейін Орта-Таяу Шығыс жерінде қайта бір қызу ойын алаңы ашылып, оған ірі ойыншылар салым салып жатыр.

Хамасты Израильге ауқымды шабуыл жасауға итермелеген қандай күш? Палестинаны азат етуші күштер арасында Хамастың ықпалы басым екені рас. Дегенмен, Израильдің қатаң позициясына толық қанық бұл ұйым өз әрекетінің қарымта жауабы ойлағаннан ауыр болатынын ескермей қалған жоқ. Көп жерде кезекті шабуылда Иранның қолдауы бар деген сөздер айтылады. Бұны АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен де айтқан болатын. Ол Иранның қолдауын толық көрсететін дәлел қазірге жоқ екенін, бірақ соңғы жылдары Хамас Иранның белсенді қолдауына ие болып келгенін алға тартты.

Турасында, аймақта Иран қолдауындағы күштер Хамас қана емес. Хезбулла мен йемендік хуситтер, Ирак жеріндегі шииттер де Иранның белсенді қолдауына ие. Теген өзін аймақтағы ықпалды ойыншы екенін өзі қолдайтын осы күштер арқылы да дәлелдеп келеді. Хамас тарапы да Иранның қолдауын жасырмайды. Оның үстіне қарулы топтарының шабуылда зымырандарды, дрондар мен параландарды қолдануына қарап ИИР революция сақшыларының қолтаңбасы деп айтып жатқан сарапшылар да бар.

Иран болса жағдайға байланысты Хамас тарапын жақтаған санаулы елдің бірі. Ел президенті Ибраһим Раиси Израильді айыптап, «аймаққа қорқыныш тудырған ел өз ерекесі үшін жауап береді» деген мәлімдемесін де жасады. Бұның өзінде Теген тарапы аймақтың державалық орнын айқындағысы келетіндей. Дегенмен...

Тегенді тартысқа тартқысы келеді

Дегенмен, Иран қазір ішкі-сыртқы күрделі мәселелердің шырмауында отырған ел. Соған қарамастан, сыртқы ықпалын барынша сақтап тұруға тырысады. Ең әуелі сыртқы қайшылықтарды санамалай кетейік. Қарапайым сөзбен айтатын болсақ, Иран Израиль, Сауд Арабиясы секілді ішкі ойыншылар мен АҚШ, Британия және т.б. сыртқы ойыншылардың аймақтағы әрекетіне кедергі жасай алатын ел. Израиль Иранның ядролық бағдарламасына ұдайы алаңдап келеді. Құрама Штаттар да Трамп тұсында Иранмен ядролық келісімді жарамсыз деп тауып, қайта жасасуға ұмтылған. Қазір Теген Израильден басқа алты ірі ядролық держава-лармен қайта келіссөздер өткізіп келеді. Жаздың бас шенінде Иран бұл жағында біршама жетістіктерге қол жеткізгені туралы да айтылып жатқан. Бірақ ұзақ уақытқа жалғасқан санкция шырмауынан шығып кете алған жоқ, сондықтан экономикалық дамуы тежеуге ұшырап тұрған ел. Ал ішінде түрлі әлеуметтік толқулар болып келеді. «Хиджап наразылығы» аталып кеткен наразылық шерулер елдегі әйел құқығына қатысты мәселенің тым салмақты екенін көрсетті. Одан бұрын да елде билікке қарсы жаппай наразылықтар болған. Соған қарамастан, ислам революциясымен келген билік әлі де өзін бекем ұстап тұр.

Иранның әлсірей түсуі аймақтық және сыртқы ойыншылардың мүдесін алға жылжытуға мүмкіндік береді. Бұның өзі Иранның соғысқа тікелей болмаса да жанамалай тартыла түсуі ең алдымен өзге бәсекелестері үшін керек екенін білдіреді. Хамастың шабуылына қатысты Иранның алға шығуы әу баста Иран мүдесіне сай көрінгенімен, түптеп келгенде Иранның ресурстық, қаржылық және өндірістік қуатын саркуы мүмкін. Осыған қарағанда, әлемдегі бәсекелес күш орталықтары тым қауіпті қақтығыс жолдарын таңдауға бейім екенін байқаймыз. Әрі алдағы уақытта әлемде тағы да қақтығыс нүктелері ашылуы мүмкін екенін болжауға болады. Бұл біздің мемлекет пен қоғамға жинақылық қажеттігін ескертіп тұрғандай.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



7 қазан танертең төбемізге жай түскендей болды. Таяу Шығыста тағы да соғыс оты тұтанды. Онсыз да саяси тұрақсыз аймақтағы геосаяси жағдай күрделене түсті. Халқымыз «50 жылда – ел жаңа» дейді. Бұл сөзді халықаралық қатынастарға да қолдануға болатын сынайлы. Сонау 1973 жылы Израиль мен Палестина арасы нашарлап, соғыс әрекеттеріне ұласқан еді. Енді міне, тағы да. Бұл оқиға атақты америкалық зерттеуші Самуэль Хантингтон айтқан «Өркениеттер қақтығысы» тұжырымы төңірегіндегі талқының қайтадан жандануына түрткі болып отыр.

Жаһанданған заман, цифрланған әлем

Адамзат бұрын-соңды болмаған жаһандану заманын бастап өткеруде. Мемлекеттер арасындағы шекара шартты деп айтсақ та болар. Шекараның шартты бола түсуіне төртінші өндірістік революция да ықпал етуде. Әлем цифрланып жатыр. Өміріміз виртуалды бола түсуде. Қазір цифрлық құрылғыларсыз өмірімізді елестете алмайтындай халге жеттік. Неміс экономисі Клаус Шваб «Төртінші өндірістік революция» атты фундаменталды еңбегін жазғанда осыны түспалдаған болар. Иммануил Кант айтып кеткен «әлем азаматы» тұжырымы өміршең бола түсуде. Қазір кез келген адам әлемнің қалаған еліне қоныс аудара алады. Сол елдің азаматы атануға құқылы. Туып өскен еліне байланып қалу деген жоққа айналды.

Дегенмен, соңғы 20 жылдан астам уақыт бойы әлемде болып жатқан оқиғалар көп сұрақ туындатады. Ұлттық мемлекеттердің ықпалы шынымен де жоғалып бара ма? Әлде өркениеттік, мәдени байланыстар беки түсті ме?

Исламның қайта өрлеуі


Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында халықаралық қауымдастықты дүр сілкіндірген геосаяси тұжырымдама өмірге келді. Американдық ғалым Самуэль Хантингтон тарих аяқталған жоқ деп мәлімдеді. Осылайша Фрэнсис Фукуяманың батыс әлемінің үстемдігі орнады деген тұжырымына кереғар пікір білдірді. Оның болжамы бойынша әлемде алдағы уақытта өркениеттер арасында қақтығыс болуы мүмкін.

С.Хантингтон 1993 жылы Foreign Affair журналында «Өркениеттер қақтығысы ма?» деген атаумен мақала жариялайды. Бұл Ф.Фукуяманың «Тарихтың соңы ма?» атты еңбегіне жауап болды. Ол әлемді 9 өркениетке бөледі. Оларға Православ, Батыс, Ислам өркениеті, Үнді өркениеті, Қытай өрке-

ИЗРАИЛЬ – ПАЛЕСТИНА:

ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ

«Өркениеттер қақтығысы» тұжырымы: талқы қайта жандана ма?



ниеті, Жапон өркениеті, Латын америка өркениеті, Африка өркениеті, Будда өркениеттері кіреді.

Хантингтонның ойынша, өркениеттер қақтығысының болуының бірнеше себептері бар. Ең басты себеп – өркениеттердің бір-бірімен айырмашылығы өте тереңде жатыр. Олар бір сәтте жойылып кетпейді. Сондықтан үнемі қақтығыста болады. Екіншіден, әлем кішірейіп жатыр дейді ғалым. Яғни өркениеттер арасындағы байланыс күшейген сайын олардың өздерін тану үрдісі күшейе бермек. Үшіншіден, батыстың үстемдігі өзге өркениеттермен қақтығысты тудыруы мүмкін. Одан басқа экономикалық аймақтану үрдісі күшейіп келеді. Ол өз кезегінде әр өркениетті өз ішінде бірігуге ықпал етпек.

Ғалымның ислам өркениетіне қатысты айтқан ойлары құнды. Ол ислам әлеміндегі демографиялық өсім мен фундаменталистік қозғалыстар факторлары болашақта халықаралық қатынастарға үлкен әсер етпек. Осы факторларды Хантингтон «Исламның қайта өрлеуі» деп атады. Әлем тарихынан белгілі, батыс (христиан) әлемінде қайта өрлеу дәуірі XIV-XVI ғасырларда еуропада өткен. Тура сондай үрдіс ислам әлемінде де өтіп жатыр дейді ғалым. Алайда, фундаменталистік қозғалыс арқылы өтуде. Фундаменталистік қозғалысты радикалдану деп ұғыну қажет. Яғни исламның радикалдануы. Бұл қайта өрлеу қанмен басталды дейді ғалым. Оған түрткі болған 1979 жылғы Ирандағы революция мен 1990 жылғы Парсы шығанағындағы соғыс деп тұжырымдады.

1973, 2001 және Араб көктемі

Біздің ойымызша Ислам әлеміндегі қайта өрлеу одан да ертерек басталды. 1973 жылғы араб-израиль соғысы оған түрткі болды. Соғыста араб елдерінің коалициясы жеңілді. Осылайша араб елдерінде ішкі наразылық күшейе түсті.

1990 жылғы Парсы шығанағындағы соғыс араб әлеміндегі жағдайды одан сайын ушықтырды. Ал 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-та әлемді өзгерткен оқиға орын алды. Қайғылы оқиға. Бүкіләлемдік сауда орталығына жасалған террористік әрекеттен мыңдаған адам мерт болды. Осыдан соң АҚШ терроризммен күрес саясатын бастады.

Байқасаңыздар, С.Хантингтон айтқан ислам әлеміндегі фундаменталистік қозғалыстың алғашқы белгісі дәл осы террористік шабуылда көрінді. Одан кейін 2011 жылы араб елдерінде бірінен соң бірі наразылықтар басталды. Ғылымда мұны «араб көктемі» дейді. Шынымен де, араб әлемінде біз елей алмайтын өзгеріс жүріп жатыр. Алайда, бұл араб және батыс өркениеттері арасындағы қақтығыс па?

Сөзсіз бұл екі өркениеттің қақтығысы. Бұл тұста Хантингтондікі дұрыс. 7 қазаннан кейін Палестинаны қолдап, наразылыққа тек бірнеше араб елдері халқы ғана шыққан жоқ. Австрияда, Германияда, Францияда, тіпті Аустралия мен Оңтүстік Африка республикасында палестиналықтарды қолдау акциялары өтті. Мұның бәрі бекер емес. Өзге елдің азаматы бола тұра, тіпті сонда уақытша тұрса да мұсылмандық бірегейлік үстем болуда.

Десе де, мәселенің астары бұдан да тереңде жатыр. Белгілі француз философы Алексис де Токвиль «Америкадағы демократия» атты еңбегінде, сонау XIX ғасырда, болашақта бәрібір демократия бүкіл әлемге тарайды деп болжап еді. Осы пікірге сүйене отырып, араб әлеміндегі жағдайда түсінік беруге болады. Ол елдерде саяси жүйе демократияланбай, халықтың әлеуметтік жағдайы түзелмейді. Әлеуметтік-экономикалық жағдай түзелмесе саяси толқулар бола бермек. Иә, рас, сыртқы фактордың орны бар. Алайда, ішкі жағдай маңыздырақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ШОБ



Тұрақты өсім бар

Алматыда жыл басынан бері жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорындардың саны 25%-ға өсті.

Қалада 9 айдың қорытындысы бойынша жоғары іскерлік белсенділік сақталуда. Бұл туралы Алматы қаласының кәсіпкерлік басқармасынан хабарлады. Белсенді жұмыс істейтін ШОБ субъектілерінің саны 25,8%-ға өсіп, 341 мыңға жетті.

Бірінші жартыжылдықта ШОБ өнімін шығару 8,6%-ға артты. ШОБ-ты қолдау үшін субсидиялау, кепілдік беру және

кредиттеу үшін 49,4 млрд теңге бөлінді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ-тың жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 60%-ға дейін ұлғаяды деп болжануда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

«ҚАРТАЙДЫМ» ДЕП АЙТПАЙМЫН...

Алматылық қариялар арасында скандинавия жүрісі бойынша фестиваль өтеді



Ернұр
РЫСБАЙ

Алып шаһардың егде жастағы тұрғындары «қартайдым» деген сөзді мүлдем ұмытқан. Себебі, олар өмірді сүйеді.

Қаламызда Қарттар күні аясында өтіп жатқан мәдени іс-шаралар көп. Солардың қатарына «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына келушілер арасында өтетін скандинавиялық жүріс бойынша қалалық фестивальді атауға болады. Бүгінде арнайы іс-шараға дайындық мұқият жүргізіліп жатыр.

Мәселен, Әуезов ауданының зейнеткерлері алдағы додаға қызу дайындық жасау үшін Сайран көлінің жағасынан 5 шақырымды жүріп өтті. Іс-шараны аудан әкімдігі «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығымен бірлесіп ұйымдастырып отыр. Іс-шараға орталықта 5 жыл дәріс



берген жаттықтырушы Ксения Шклярдың басшылығымен барлығы 60 қарт адам қатысты. Марафонға қатысқан ауданымыздың ең қарт қатысушысының жасы 86-да.

Айта кетсек, Әуезов ауданында екі «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жұмыс істейді. Бұларға күн сайын

135 адам келеді. Осылайша аталған орталықтар ауданның 2990 зейнеткерін қамтиды.

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарын Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы құрды және білім беру, психологиялық, медициналық

әлеуметтік және демалыс бағдарламаларын қоса алғанда, орталық қарт адамдарға арналған іс-шаралар кешенін де ұсынады. Бұл орталықтардың маңызды мақсаты – өзіне-өзі қызмет көрсету және өздігінен қозғалу қабілетін сақтайтын қарттардың белсенді өмір салтын сақтау.

ӨНЕР

Алтыннан кесте тіккен қолөнерші

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатына бұл жолы суретші, зергерлер келді. Олар алтынмен кестелеудің көне техникасын қалай жандандырып жүргені жайында айтып берді. Негізгі спикер Айжан Әбдубайт – жарты ғұмырын зерлеу өнеріне және осы өнерді зерттеуге арнаған жалғыз қолөнерші.



тоқыма, тігіс және басқалары. Олардың ішінде зерлеу – алтын және күміс жіптермен кесте тігу, хандардың, билер мен сұлтандардың киімдері мен бас киімдерін әшекейлеу. Бұл элитарлық өнер бүгінде жоғалуға айналды. Бұл біздің халқымыздың мәдениеті қаншалықты бай болғандығының тікелей дәлелі. Сондықтан мен өз өмірімді осы өнерді зерттеуге арнадым», – дейді дизайнер-реставратор, ҚР Суретшілер одағының мү-

шесі, «Зерлеу» алтын тігіс авторлық үйінің негізін қалаушы Айжан Әбдубайт.

Реставратордың қолынан шыққан алғашқы жұмыстардың бірі – Жәңгір ханның әйелі Ханша Фатиманың Николай I патшаның таққа отыру рәсімінде киген көйлегі мен камзолы. Сондай-ақ, Айжан Абдубайт Қожа Ахмет Ясауи қабірін жауып тұрған кілемді, Жәңгір ханның әскери киімін қалпына келтіру жұмыстарын атқарған.

Жұмыс істеген жылдары шебер қолөнерші жүзден астам адамды оқытты. Бүгінде Айжан Абдубайттың жұмыстарын жеке коллекциялардан, ал реставрациядан өткен тарихи тұлғалардың костюмдерін еліміздің мұражайларынан көруге болады.

Кеше Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Aizhan Abdubait қолданбалы өнер және «Зерлеу» алтын тігіс авторлық үйінің 30 жылдық мерейтойына арналған «Зер-ғұмыр» көрмесі өтті. Бұл жөнінде келесі нөмірімізде тарқататын боламыз.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ҮЗДІК ЖОБАЛАР

үшін үйде отырып-ақ дауыс берсеңіз болады

Алматыда 13–23 қазан аралығында budget.open-almaty.kz порталында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының үздік жобалары үшін дауыс беру өтеді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Дауыс беруге қала тұрғындарының 2213 жобалық ұсынысы қатысады. Бұл жолы қаламызды абаттандыру және дамыту бойынша бастамалардың көбін Алматы (921) және Алатау (790) аудандарының тұрғындары берген. Бұдан кейін Түркісіб (100), Медеу (95), Жетісу (84), Әуезов (81), Бостандық (79) және Наурызбай (63) аудандары тұр.

Дауыс беруге жіберілген жобалар қатарында Желтоқсан көшесі, 121-үй мекенжайы бойынша «Игла» (1988 ж.) фильмінің түсірілімі өткен орынды абаттандыру; «Кемел» шағынауданы дыбыс оқшаулағыш қоршауды орнату; Төле би көшесі мен Орманов көшелерінің қиылысындағы көпірдің астындағы баскетбол алаңының құрылысы; «Алматы Арена» маңындағы иттерді серуендетуге арналған алаңның құрылысы және т.б. жобалардың толық тізбесі budget.open-almaty.kz порталында «Биылғы жобалар» бөлімінде қолжетімді.

Дауыс беруге Алматының кәмететке толған барлық тұрғындары қатыса алады. Бірақ бір шарт бар. Ол дауыс берушінің тұрақты тіркеуінің болуы. Тағы бір ескеретін жайт, қала тұрғындары ЭЦҚ немесе SMS-код келетін ұялы телефон арқылы 3 жобалық ұсыныс үшін ғана дауыс беруге болады. Ал ең көп дауыс жинаған жобалық ұсыныстарды аудан әкімдіктері 2024 жылы іске асырады.

«Халық қатысатын бюджет» бойынша кеңесті аудандық әкімдіктерден немесе Open Almaty әкімдігінің Қоғамдық қабылдау бөлмесінен 224 39 29 (ішкі 203, 127) ала аласыздар. Ал Сіз үздік жобаны тандау үшін үйде отырып-ақ онлайн дауыс беруге мүмкіндігіңіз бар. Қаламызды бірге көркейтейік!

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

«ҚАРЫЗДЫ ТӨЛЕ, ӨСІМПҰЛДЫ АЛЫП ТАСТАЙМЫЗ!» атты науқан басталды

Жылыту және ыстық сумен жабдықтау қызметі үшін коммуналдық кәсіпорын алдындағы қарызын айыппұлсыз төлегісі келетін жылу энергиясын пайдаланатын тұтынушылар үшін Алматыда «Қарызды төле, өсімпұлды алып тастаймыз!» атты науқан басталды.

Өсімпұлды алып тастап, үнемдеумен бірге бұл мүлікке шектеулер мен тыйым салуларды, сонымен қатар, банктердегі есеп айырысу шоттарындағы шектеулерді алып тастауға мүмкіндік береді.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, акцияға қатысу үшін осы жылдың қазан айынан желтоқсанның соңына дейін берешекті толық төлеп, «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-на өтінішті, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, негізгі борышты (кассалық чекті) төлегенін растауды мына электрондық поштаға ұсыну қажет: info@alts.kz немесе орналасқан аумақ бойынша ТҚКО (тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтарына) біріне жүгіну керек.

ТҚКО мекенжайлары және байланыс деректері:
– «Батыс» ТҚКО (Алатау, Әуезов және Наурызбай

аудандарына қызмет көрсетеді) – «Ақсай-4» ықшамауданы, 51 Б, телефондары: 341-05-30, 341-05-31, WhatsApp: +7 701 300 70 69, e-mail: batys@alts.kz;

– «Орталық» ТҚКО (Алматы және Бостандық аудандарына қызмет көрсетеді) – Шапық Шөкин көшесі, 221 В, телефондары: 341-05-28, 341-05-29, WhatsApp: +7 701 300 70 65, e-mail: ortalye@alts.kz;

– «Шығыс» ТҚКО (Жетісу, Медеу және Түркісіб аудандарына қызмет көрсетеді) – Наманған көшесі, 39 А, телефондары: 341-05-32, 341-05-33, WhatsApp: +7 701 300 70 54, e-mail: shygis@alts.kz.

Сонымен бірге, мына телефон 341-07-77 нөміріне қоңырау шалып, АлЖЖ анықтамалық қызметіне хабарласу арқылы берешек туралы ақпарат немесе жылу энергиясын есептеу бойынша кеңес алуға болады. WhatsApp нөміріміз де бар: +7 701 027 11 20 (хабарламаларды ғана қабылдайды).

Берешек төленбеген жағдайда төлеушілерге жылу беру тоқтатылып, қарыз сот арқылы өндіріп алынады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



Алматыда
21 қыркүйектен
бастап «Міржақып.
Оян, қазақ!» фильмі
көрсетіледі.
Кинорежиссер –
Мұрат Есжан.
Кинотеатрларда
аншлағ!

«МІРЖАҚЫП. ОЯН, ҚАЗАҚ!»

Әр қазақ көретін кино...



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ал сіз «Оян, қазаққа» бардыңыз ба?! Отандық туындыны көріп, кеудеңізді ұлтқа деген сүйіспеншілік, қайсарлық пен жанашырлықтың буырқанған лебі кернеді ме? Патриоттығыңыз атойлап алай-дүлей сезімге бөлендіңіз бе... Біз дәл осыны аласапыран күйді сезіндік.

Отандық туынды ел тарихының өткені мен бүгінге бей-жай қарамайтын көрерменнің көңілін дөп басты. Тіпті, деймін-ау, аталмыш туынды «орыстиді» ағайындардың бір-ақ күнде өз тіліне деген құрметін оятып, ұлтын сүйуге әкелген фильм болды бұл. Сенбесеңіз, әлеу-желілерге қараңыз. Эмоцияға толы көңіл, пікір, бір емес үш рет көріп «оянып», әсерге бөленіп жатқан жандар... Бұл, әрине, қазақ қоғамы үшін қуаныш. Алаш ардақтыларының діндегені де осы емес пе еді?!

Көрерменнің қалауы күшті болды ма, «Оян, қазаққа» сұраныс бәсеңсітін емес. Фильм продюсері Айсәуле Әбілда «бір апта көрерменнің келу ауанын» бақылап көретінін жазған-ды әлеуметтік желідегі паракшасында. Айтуынша, алғашқы апта аншлағ болған соң, фильм прокаты 4 қазанға дейін созылды. Ал 5 қазанда фильмге билет таппаған көрермен талабымен көрсетілімді тағы бір аптаға ұзарттырды. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген осы...

Жұрттың кино жайындағы толғанысы «құлақтан кіріп, бойды алып» еліктірмей қойсын ба, «Оян, қазаққа» көруге біз де отбасымызбен бардық. «Сарыарқа» кинотеатры. Зал лық толы.

Фильм қоғамдағы рухани сұранысты дөп басқандай. Көркемдік құрылымы кәсіби шеберлікті бірден аңдатты. Мазмұны – мағыналы. Тілі жатық, сөзі анық. Диалогтарда

қазір онша айтыла бермейтін, қолданыста жоқ архаизм сөздер де бар. «Көп естігеннен бір көрген артық» деген рас екен, киноны көріп отырып, құлды бір сол заманда жүргендей күй кештік. Фильмдегі тарихи шындықтың көріністері сананы сілкітті. Озыр саясаттың құрбанына айналған Алаш ардақтыларының тағдыры көз алдымыздан тізбектеле түскенде біз ғана емес, залда отырған бүкіл көрермен күрсінді.

Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» деп ұлт үшін қызмет еткен үздік үлгісіне тәнті болдық. Оның күншілдік пен сатқындықтың һәм солақай саясаттың құрбанына айналғанына жанымыз ауырды. Фильм аяқталғанда залда отырған жас та, жасамыс та қошеметпен өре түрегелді. Жанарларында от, кеуделерінде бірлескен рух! Қазақ рухы!

Кино әсері ұлым мен қызымды да айналып өтпеді. «Шынымен біз бақытты бала екенбіз ғой!» деді 7-сыныпта оқитын қызым Айжан Амантайқызы. Балдырған жүректерімен фильمنىң әр тұсын ынта-шынталарымен үйге жеткенше таласа айтып келді. Балаларымызға ұлттық құндылықты ұқтыра, патриоттық тәрбиені межелей білген туындыға риза болдық.

Фильм – өзекті. «Тарихи шындықтың» кейінгі ұрпаққа не дегісі келгенін ұққан адам ұқты. Көкейге түйерін түйді. Бүгінгі бейбіт заман, уайымсыз шат-шадыман күн оңайлықпен келмегенін түсінді. Тәуелсіздіктің ақ таңы үшін еңбек сіңірген Алаш қайраткерлерінің парасаттылығы мен табандылығына қарап қазақ ұлты текті халықтың ұрпағы екендігін тағы да түйсінді.

Ендеше, «Оян, қазақ!» қоғамды ұлтын сүйуге, елін құрметтеуге баулып, қоғамды жақсылыққа қалыптастырып жатса, әлбетте, фильمنىң ұрпаққа берері сөзсіз. Қысқасы, «Міржақып. Оян, қазақ!» әрбір қазақ көретін-ақ кино!..

КИНОКЕҢІСТІК

«ҚОРҚЫТ АТА» БІЗГЕ ЖҮЛДЕ СЫЙЛАДЫ

Қазақстандық екі фильм Бакуде өткен түркі әлемінің «Қорқыт ата» халықаралық кинофестивалінде жүлдеге ие болды. Бұл туралы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының баспасөз қызметі хабарлады.

Аталған орталықтың көмегімен түсірілген режиссер Әрі Би-Бек Өр-Алтайдың «Арқау Өзек» туындысы «Үздік деректі фильм» номинациясы бойынша екінші орынға ие болды. Кинотуындыда қазақ халқының күнделікті тұрмысында қолданылған, бүгінде ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары дәріптеледі.

Ал режиссер Жандос Құсайыновтың «Жамбыл. Жаңа дәуір» тарихи көркем фильмі «Қазылар алқасының арнайы жүлдесін» қанжығалады. Фильмде Жамбылдың өміріне әсер еткен айтулы оқиғалар қамтылады: ақындар сілеті, ақын өлеңдерінің газет-журналдарда жариялануы, Иосиф Гольманның Мәскеуден келуі, Жабаетын Ораз Жандосовпен, Бауыржан Момышұлымен және дәуірде өзге көрнекті қайраткерлерімен кездесуі.

Осымен үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылған «Қорқыт ата» кинофестивалі алғаш рет Түркияның Стамбул қаласында ұйымдастырылса, былтыр Бурса қаласында өтті. Ал биыл Әзербайжанның Шуша қаласында жалғасын тапты. Биылғы фестивальге Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Түркия, Өзбекстан, Түркіменстан, сондай-ақ Гагаузия (Молдова), Татарстан, Саха (Якутия), Дағыстан, Кабардин-Балқар, Чувашия, Карачасво-Черкесия, Тува және Башқұртстан елдерінен 32 көркем, деректі және анимациялық фильмдер ұсынылды. Енді келер жылы «Қорқыт ата» IV кинофестивалі Түркіменстанның Аннау қаласында өтетін болды.

Нұр ЖАМАЛ.

САЯХАТ

АЛМАТЫ – ТУРИЗМ

Әсем қаламызға келетін шетелдік туристердің саны



Еліміздегі туризм саласы құлаштап болмаса да, қадам-қадаммен дамып келеді. Әсіресе, әсем қаламыз Алматының туризм саласындағы потенциалы ашыла бастады. Осы орайда, туристер тартып, ел тартымдылығын арттыруға бағытталған халықаралық сарапшылардың ұсыныс-пікірлерін ұсынамыз.

Алдымен, Қазақстандағы туризмге қатысты дерек пен дәйектерге көз жүгіртелік. Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, 2020 жылдан 2022 жылға дейін еліміздің туризм саласына 4 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып, аталған кезеңде елімізде 400-ден астам туристік нысан салынған. Биыл 288 миллиард сомаға 115 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған.

Сондай-ақ, осы жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстандағы туристік қызметтен түсетін салық түсімдерінің көлемі шамамен 208 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, 10,4%-ға өскен. Еліміздегі қонақүй қызметінің де осы жылы табысы артқан. Биыл бірінші жартыжылдықта еліміздің қонақүйлері туристерге 98,7 млрд теңгеге қызмет көрсетті. Бұл өткен жылғыдан 45%-ға артық. Ал биылғы жылдың алғашқы 6 айында орналастыру қызметтерін пайдаланған ішкі туристер саны 3,1 млн адамға жетті. Экотуристер саны 2 миллионға дейін өсті. Ал осы жылдың қаңтар-маусым аралы-

ғында елімізге тоқтаған шетелдік туристер саны 516 мыңды құрап, өткен жылдың алғашқы 6 айындағы нәтижеден 1,8 есе жоғары болды. Министрлік мәліметінше, орта есеппен алыс шетелден келген бір қонақ Қазақстанға 1500 доллар табыс әкеледі.

Отандық туризмнің ордасы – Алматы екені ешкімге жасырын емес. Жалпы, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында шаһарға сапар шеккен шетелдік туристердің ағыны 73%-ға өсіп, 261 мың адамды құраған. Алматы қаласы Туризм басқармасының дерегінше, елімізге соққан әрбір саяхатшының екіншісі Алматы қаласына келеді. Басқарма әсем қаламызға келетін шетелдік туристердің саны жыл соңына дейін 500 мыңға жетеді деп болжап отыр.

Айтылған көрсеткіштерге қарап еліміздің ішкі-сыртқы туризмінде оң қозғалыс бар екенін байқаймыз. Бірақ тек құжаттағы цифрларға қарап, әрдайым тек өсім болады деп күтуге болмайды. Ол үшін туризм саласын дамытуға бағытталған жұмыстар тұрақты жалғасуы қажет. Бұл туралы Алматыда

өткен іскерлік форумға қатысқан шетелдік сарапшылар айтты.

«Шымбұлақ» тау шаңғы курортында Almaty Mount Fest 2023 фестивалі өткен болатын. Фестиваль аясында іскерлік форум ұйымдастырылып, оған Андорра, Франция, Қырғызстан, Өзбекстан Ресей, Грузия мен басқа да елдердің халықаралық сарапшылары қатысты. Форум барысында шетелдік сарапшылар туризм саласындағы өз тәжірибелерімен бөлісіп, Қазақстандағы туризмді дамытудың механизмдерін ұсынған болатын. Мұндай сарапшылардың бірі әрі бірегейі Өзбекстаннан келген Ми-хил Шамшидов болды.

«Орталық Азия елдерінің туризм саласындағы мамандары көптен бері ортақ жоба жасауды ойлап жүрген болатын. Бірақ ойлап, армандап жүру бөлек те, шын іске кірісу бөлек.

Барлық мемлекеттер өз жеріне көбірек шетелдік туристердің келгенін қалайды. Өйткені, оның экономикалық тиімділігі бар, сырттан валюта келеді және т.б. Енді осы тұрғыда шетелдік туристерді бізге (Орталық Азия – ред.) тарту үшін әр елдің жеке жұмыс істеуі қиын екені сөзсіз. Әрине, қомақты қаражат құртып, жарнама жасап, бейнероликтер жариялауға болады. Бірақ жұмсалған ақшамен, сырттан келген туристердің санын есептейтін болсақ, онда мүлдем басқа көрсеткішкерге көзіміз түседі. Себебі, әлемнің туризм картасында енді




Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ, Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ОРДАСЫ

жыл соңына дейін 500 мыңға жетеді



ғана пайда болып келе жатқан өңірге туристерді шақыру – оңай жұмыс емес. Бұл біз үшін бәрі жаман деген сөз емес, оның да өз пайдасы бар. Туристер әрдайым жаңа жерлерді, жаңа бағыттарды іздейді. Бірақ айтайын дегенім – туризм бағытындағы күшімізді біріктіру бәріне тиімдірек болады. Сондықтан «Шымбұлақ», «Әмірсой» (Өзбекстан) және «Роза Хутор» (Ресей) тау курорттарының бір альянсқа бірігуі жақсы жаңалық. Осы секілді ұжымдық жұмыстарды жиірек көрсек дейміз», – деді ол.

Өзбекстандық сарапшы сондай-ақ, туризм саласындағы әр біріккен жұмыс екі еселене түсетінін атап өтті.

«Біріккен жұмыста кез келген іс-шараның әсері екі еселене түседі. Мысалы, біз Өзбекстандағы туризмді насихаттай отырып, ортақ түрөнімнің ішінде Қазақстанды атап өттік делік. Осы арқылы біз көбірек ақша табамыз. Сондықтан ортақ кластерлерді, ортақ альянстарды құру маңызды. Туризмдегі бәсекелестік өте жоғары. Сондықтан біз өзіміз туралы әлемге жар салуымыз керек. Алматының «Шымбұлағы» секілді жерлер шынымен ерекше, жер бетіндегі мұндай демалыс орындарын бір қолмен ғана санап шығуға болатын шығар. Бірақ алдымен адамдар мұндай орынның бар екенінен хабардар болуы қажет. Әлемдегі туристердің басым көпшілігі біздің осыншама ұсыныстарымыздың бар

екенін білмейді. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін әрі қарай да интеграция жолдарын іздегеніміз жөн. Адамдар Орталық Азия мемлекеттерін жекелей білмеуі мүмкін. Бірақ Ұлы Жібек жолы бар әлемге белгілі. Осындай ортақ тарихты пайдалана отырып, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан туризм саласында біріге жұмыс істейтін болса, туристердің жаңа толқыны келері сөзсіз», – деді Михаил Шамшидов.

Айтылған іскерлік форумға қатысқан Андорра Туризм министрлігінің кеңесшісі, экс-министр Вероника Каналс та еліміздегі туризмнің артықшылықтары мен ерекшелігіне тоқталып, оны ары қарай дамытудың жолдары туралы пікір білдірді.

«Қазақстанда туризм дұрыс бағытта дамып келе жатқанын көріп отырмыз. Енді сіздерге тұрақты және креативті туризм бағытындағы жұмыстарыңызды тоқтатау керек. Көп мемлекеттер туристер арналған инфрақұрылымды жасаған соң жұмыс бітті деп ойлайды. Бірақ туризмде тек адамдарды шақырып қана қоймай, оларға келген жерімен таныстыру, оның салт-дәстүрін баяндау маңызды. Осы тұрғыда Қазақстан жақсы үлгі көрсетіп отыр. Мен Іле Алатауы паркіне барғанымда, маған палау ұсынып, оның қазақстандық не өзбекстандық деген секілді түрлері болатынын айтып берді. Өнімді ұсынумен шектелмей, ол туралы



баяндап беру – шетелден келген туристер үшін маңызды», – деді В.Каналс.

Айта кеткен жөн, шетелдік сарапшылар ұсынғандай Орталық Азия мемлекеттерімен туризм бағытын бірге дамыту бағытында бастамалар бар. Жақын күндері Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев Қырғыз Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Дастан Дүйшекеевпен кездесті. Тараптар туристік саладағы өзекті мәселелерді талқылады. Атап айтқанда, тау туризмін дамыту туралы тақырып көтерілді. Министр ұйымдастырылған туристік топтардың мемлекеттік шекарадан өтуін реттеу тәртібі туралы келісім жасау мәселесіне қайта оралуды ұсынды.

«Келісім Тянь-Шань тауларында біздің ортақ шекарамызды кесіп өту кезінде туристер арасында жыл сайын туындайтын бірқатар түйінді мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ тұтастай алғанда тау туризмнің дамуына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, Тянь-Шань тау бөктері мен шағалаларында біздің елдеріміздің аумағында жаңа жаяу маршруттар құруға жағдай жасайды», – деді Ермек Маржықпаев.

Министрдің айтуынша, келісім жобасы жақын арада Қырғыз тарапына жіберіледі. Сөз соңында Ермек Маржықпаев Қырғызстаннан келген делегацияны түркі мемлекеттері ұйымына қатысушы елдердің туризм министрлерінің VIII отырысына және осы жылдың қазан айында Түркістанда өтетін «Түркістан – Түркі әлемінің туристік астанасы» халықаралық туристік форумына шақырды.

Досбол
АТАЖАН.



КӨРМЕ

«Ұрпаққа мұра – өнер»

Еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің қолдауымен «Ұрпаққа мұра – өнер» атты көрме ашылды.



Көрме О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің 85 жылдығы құрметіне ұйымдастырылды. Аталған колледж бейнелеу өнері саласындағы барлық мамандық иелерін даярлайтын тұңғыш кәсіби оқу орны ретінде 1938 жылы Алматы төрінде қазақ көркем сурет училищесі болып ашылған.

Айтулы оқу ордасында еліміздің бейнелеу өнерінде айтарлықтай із қалдырған атақты суретшілер А.Ғалымбаева, Г.Исмаилова, С.Мәмбеев, Н.Нұрмұхамедов, М.Кенбаев, Қ.Телжанов, Д.Шоқпарұлы, Х.Наурызбаев, Е.Сергебаев, Ж.Қайрамбаев, А.Дүзелханов және т.б. тұлғалар білім алды. Осы оқу ордасынан шыққан қаншама түлек бүгінде қазақ ұлттық колері мен бейнелеу өнерін дамыту

жолында аянбай еңбек етіп, ел мәдениетін көркейтуге үлестерін қосып жүр.

Ұрпақтар арасындағы сабақтастықты арттыруды мақсат еткен көрмеге колледж оқытушылары мен 1960–2010 жылдардағы түлектерінің таңдаулы деген ең үздік туындылары қойылған. Көрменің ашылу салтанатын Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің «Көшпенділер әуені» ансамблі (көркемдік жетекшісі ҚР мәдениет қайраткері Зәмзагул Шәріпқызы) сүйемелдеді. Сондай-ақ, биылғы «Киім дизайны» мамандығы түлектерінің диплом жобалары – «Үнсіз дала» және «Уақыт мұрасы» дефилесі (жетекшісі арнайы пән оқытушысы Озипа Нұржанқызы) ұсынылды. Экспозиция 2 қарашаға дейін жалғасады.

Әке, ана және бала

Өнер музейінде «Суретшілер үйі» көрмесінің вернисажы ұйымдастырылды. «Суретшілер үйі» – 1972 жылы Ташкентте салынған көркемөнер «кластерінің» бір бөлігі.



Бұл үйде Өзбекстанның шығармашылықпен айналысқан өнер қайраткерлері тұрған, шеберханасында жұмыс істеген. Экспозицияда тек үш суретші – Гафур Гулям көшесінің 10-үйінде тұрған отбасы Медат Кагаровтың, Инна Васильеваның және олардың ұлы Еркен Кагаровтың шығармашылығы қойылған. Көрмені Медат Кагаровтың 70-жылдардағы деректі фотосуреттері ашады. Олардың көпшілігі күнделікті өмірдің тынысын, ауладағы балалардың шаттығын, көрші-қолаңның, дос-жаранның бейнелері.

Медат Кагаров, әке – ксилография, офорт, литография және линогравюра техникаларын жетік меңгерген суретші-график. Алматының тумасы. Шебердің кескіндемелік поэтикасы оның шығармаларының бояу құдіреті мен мәнерлі пластикасына негізделген. Инна

Васильева, ана – суретші, график және кино суретшісі.

Суретшінің картинасындағы жемістер, вазадағы гүлдер, үй бізге олардың құндылығы мен маңыздылығына қарай кенептегі әрбір заттың орнын белгілей отырып, олардың астарлы нышанын ашып қана қоймай, сонымен қатар автордың және оның замандастарының көзқарасын білдіреді. Еркен Кагаров, бала – дизайнер және эксперимент қоюшы, графикалық дизайн бойынша бірқатар мақаланың авторы және қалалық ортаны қайта құру сарапшысы. Сандық графика мен мүсіннің түрлі техникаларында жұмыс істейді.

24 қазанға дейін жалғасатын «Суретшілер үйі» көрмесінің кеңістігі шығармашылық әдістері, тәсілдері мен өрнектеу көзқарасы бар екі буынды, үш авторды біріктірген.

Ой-сезімдер жемісі

Аталған музейде тағы бір көрменің лентасы қиылды. Дәлірек айтсақ, Алматы қаласында дүниеге келген Старков Андрей Александровичтің шығармашылығына арналған көрме ашылды. Оған суреткердің 70-ке жуық туындысы қойылған.



– Примитивті өнер негіздерін қолдана отырып табиғи формаларды және формальді символдарды абстракциялаған суретші туындылары ой ұшқырлығына тереңінен батыратындығы сөзсіз. Әрбір натураның фактуралық сипатын көрсете отырып, оларды жүйелеп, өрнекті ой өрімдерін жасайды. Фактуралық тастар, жартастар, сонымен қатар көкөністердің, тұрмыстық заттардың жандануы, символдануы айрықша құбылыс. Осы ерекшеліктер арқылы кез келген затты тірілте олардың формалық ерекшеліктерінен өмірлік бедерлерді көре білу және оны көрер-

менге жеткізе, сезіндіре алуы суретшінің шеберлігінде екендігін растай алған, – дейді көрме жетекшілерінің бірі А.Ақылбекова.

Үлкен форматтағы туындылар өте шынайы және дәл көрінеді. Табиғатты зерттеудегі туындылардың барлығында автордың бай жанының көрінісі, табиғатта, өмірдің көріністерінде, қарапайым түстер мен заттарда мәңгілік үйлесімділікті іздеу арқылы суреттеледі. Көрмені қараша айының 4-іне дейін тамашалай аласыздар.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.





ЖҰМЫС САПАРЫ



ӨТКЕЛДЕРДІ ЖӨНДЕУ

Алматының 42 жерасты және 49 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелінде жұмыстар аяқталады

Бұл туралы Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы Бейбіт Шаханов жұмыс сапары барысында хабарлады.

Ернұр
РЫСБАЙ

Алғашқы нысан Наурызбай ауданы №7 қалалық аурухананың алдындағы жерасты өткелі еді. Мұнда жөндеу жұмыстары осы жылдың қыркүйек айында басталып, қазан айының соңына дейін аяқталады. Сәндік плиткалар (керамогранит) қалпына келтіріліп, энергияны үнемдейтін шамдар қойылады, бейнебақылау камералары орнатылып, шатыр мен тактильді плиталарды ауыстыру көзделген. Аудан әкіміне сапасыз материалдарды пайдаланбау тапсырылды.

«Алматы қаласы бойынша барлығы 74 жерүсті және 56 жерасты жаяу жүргіншілер өткелі бар. Биыл жаңартылып жатыр. Келесі жылы 5 жерүсті өткелінде құрылыс-монтаж жұмысы жоспарланған. Өткелдер антивандальды шамдармен, тактильді плиталармен және бейнекамералармен жабдықталады», — деді аппарат басшысы Бейбіт Шаханов.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болуы үшін Рысқұлов даңғылы–Доспанов көшелерінің қиылысындағы жерүсті өткеліне жедел саты орнатылады. Бұл екінші нысан еді. Күрделі жөндеу аясында қолданыстағы асфальтбетон жабындарын бөлшектеу, сәндік плиткалар мен су бұру құрылғыларын қалпына келтіру, аралық құрылыс-

тардың металл конструкцияларын, тіректерді, баспалдақ жиектерін сырлау, лифтілер мен көтергіштерді күрделі жөндеу, шатырды ауыстыру, іргелес аумақты абаттандыру жүргізілді. Бүгінде жөндеу жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар, Райымбек даңғылының қиылысындағы Саин көшесі бойындағы жерүсті өткелінде күрделі жөндеу жүргізуге ЖСҚ әзірленіп жатыр. ЖСҚ-да асфальтты автоматты жылыту жүйесі бар плиталарға ауыстыру, шатыр мен лифт жабдығы элементтерін ауыстыру, жарықтандыруды жаңарту және бейнебақылау камераларын орнату көзделеді.

Бұған қоса, ерекше қажеттілігі бар адамдардың жайлы жүріп-тұруы үшін жаяу жүргіншілер өткелдерінде инклизивті орта құру бойынша жұмыс жалғасып отыр. 74 жерүсті және 56 жерасты жаяу жүргіншілер өткелінде 87 бірлік лифт құрылыстары және 93 бірлік көтергіш платформалар бар, оның ішінде:

51 бірлік лифт құрылысы мен 33 бірлік көтергіш платформа жарамды, штаттық режимде жұмыс істейді;

34 бірлік лифт құрылысы мен 38 бірлік көтеру платформасы бойынша жұмыс биыл жыл соңына дейін аяқталады;

Қалған 2 бірлік лифт құрылысы жұмыс істемейді, Жетісу ауданының әкімдігі оны 2024 жылға жоспарлаған.

«ЖАСЫЛ АУЛА»

ТЕГІН КӨШЕТ АЛЫҢЫЗ!

Алматыда «Жасыл аула» науқаны аясында көшеттерді тегін тарату науқаны басталды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының айтуынша, науқанның нәтижесі бойынша қала тұрғындарынан 200-ге жуық өтінім түскен. Оның ішінде 70-і мақұлданды. Бұл жолы қатысушылар арасында Наурызбай және Бостандық аудандарының тұрғындары ерекше белсенділік танытты.

Естеріңізге сала кетейік, акция барысында көшеттердің өмір сүру деңгейіне басқарма тарапынан мониторинг жүргізіледі. Науқанның шартына сәйкес, көшеттер жалпы пайдаланылатын учаскелерге және көпқабатты үйлердің аулаларына ғана таратылады. ЖТҮҚ жеке секторларға және бау-бақша серіктестіктеріне, сондай-ақ, заңды тұлғалардың аумағында көшеттерді отырғызу және тарату көзделмеген.

Көшеттерді тарату Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Юрий Ким к-сі, 9 («Еко Алматы» ЖШС) мекенжайын-

да 2023 жылдың 14 және 15 қазанда сағат 10.00-ден 15.00-ге дейін жоспарланған. Бұл мәселеде аталмыш басқарма қызметкерлері отырғызылған көшеттердің суретін жіберу міндетті болып саналатынын айтады. Өйткені, тегін көшет алу бар да, оны баптау бар. Сондықтан біз тұрғындарға ағашты егуден бұрын оның күтіміне де қатаң бақылау жасасақ деген ұсынысымызды жеткізгіміз келеді дейді олар.

Ағаш – ауаның тазалығын қамтамасыз етіп қана қоймай, күн ыстықта пана, боранды күндері қорған болатынын барлығымыз білеміз. Сондықтан Алматымызды абаттандырып, ауламызға ағаш егіп, шырайын келтіруге баршамыз үлес қосқанымыз жөн.

Бүгінде «Жасыл аула» акциясы алматылықтар тарапынан қолдау тауып отыр. Қала тұрғындары өздері тұрып жатқан мекенжай бойынша ағаш егіп, аулаларын коғалдандыруда белсенділік танытуда.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Қосымша ақпарат алу үшін Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының жасыл қор мониторингі және басқару бөліміне мына байланыс нөмірі арқылы хабарласуыңызды сұраймыз: +7 707 724 96 97.

ТӘРБИЕ САФАТЫ

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА



5 қазан күні қазақ елі ұстаздар мерекесін атап өтті. Осы мереке аясында Алау ауданы, «Өйгерім» ықшамауданында орналасқан №149 ЖББ мектептің 4 «а» сыныбы «Ұстаз – ұлы тұлға» атты тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Сынып жетекшісі Балажанова Нұрипа Тұяқбайқызының шәкірттері әрі білімді, әрі өнерлі екенін көрсетті. Ұстаз туралы өлеңдерден үзінділер жатқа оқып, көріністер көрсетіп, ән айтып, күй тартып, би де биледі. Сынып жетекшісінің шеберлігімен осы іс-шараны 45 минутқа сыйғыза білді. Мектеп басшысы Шырынкүл Зейнуллақызы мен ұстаздар, ата-аналар сөз сөйлеп, аяулы ана, білікті де ұлағатты ұстаз Нұрипа Тұяқбайқызына ризашылығын білдірді.

Құралбек АМАНТАЙҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛІҢІЗ!

Республика күніне орай Алматыда кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді

2023 жылғы 14-15 қазанда сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін Алматыда мегаполиске іргелес жатқан аудандардан 60 шаруа қожалығының қатысуымен кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеде 40-тан астам өнім (ет, сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, өсімдік және жануар майы және т.б.) ұсынылады.

Өнімнің жалпы көлемі: 180 тонна, оның ішінде ет – 30 тонна, жеміс – көкөніс – 120 тонна, сүт – 15 тонна, балық – 5 тонна, өзгелері – 10 тонна.

Өтетін орны: Шевченко көшесіндегі «Шокан Уәлиханов» алаңында, Қонаев көшесі мен Пушкин көшесі аралығында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

«Қазпочта» АҚ «Алматы почтамты» Алматы филиалы 2023 жылғы 16 қазанда Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 134 мекенжайындағы операциялық залда «Жазылушы күнін» өткізеді. Іс-шараның басталуы таңертеңгі сағат 10.00.

Бұл күні 2024 жылға «Алматы ақшамына» жазылу жеңілдіктермен жүргізілетін болады.

2023 жылғы 16 қазанда сағат 14.00-де 2024 жылға мерзімді басылымдарға жазылушылар үшін жүлделер ойнатылатын болады. «Алматы ақшамының» да бағалы сыйлықтары бар.

Сіздерді күтеміз!

ҚАУЛЫ

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ
кезінде жаңа талаптар қойылады

2023 жылғы 10 қазаннан бастап Алматы әкімдігінің қалада түрлі құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде нөсер кәрізін реттеу қажеттілігі туралы қаулысы күшіне енді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Қалалық мобильділік, энергетика және сумен жабдықтау, экология және қоршаған орта, жоспарлау және урбанистика, құрылыс басқармалары мен Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көше-жол желісін салу, реконструкциялау, күрделі және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде инженерлік коммуникацияларды салудан, реконструкциялаудан және жөндеуден кейін қалпына келтіру жұмыстары кезінде нөсер кәріздерін реттейтін болады», делінген қаулыда.

Сондай-ақ, қала басшысы инженерлік коммуникацияларды салғаннан, қайта жаңартқаннан және жөндегеннен кейін жолдың асфальтбетон жабынын қалпына келтіру кезінде жол таңбасының тиісті желілерін қолдануды қарастыруды тапсырды.

Алматыдағы арық желісінің ұзындығы 1525 км құрайды, оның 1208 км нөсер кәрізі ретінде пайдаланылады. «Алматы қаласында арық желілері мен нөсер кәріздерін салу және реконструкциялау» жобасы аясында 2024 жылдың соңына дейін 376 км арық желісін салу жоспарлануда, оның ішінде ағымдағы жылы 80,1 км салынды.

Еске салсақ, бірнеше жыл бұрын Алматыда коллекторлық-дренаж жүйесі іс жүзінде болмаған, қаланың аудандарын жоспарлау кезінде бұл мәселеге бұрын тиісті көңіл бөлінбеген. Қолда бар коллекторлар ұзақ жылдар бойы несіз болды, оларды тұнбадан тазарту, ағымдағы жөндеу, реконструкциялау, арық желілерін қосу жұмыстары жүргізілмеді. Қолданыстағы арық желісі бекітілмеген, су бұру коллекторларымен байланысы жоқ. Бұл жаңбыр мен еріген судың дұрыс ағып кетуіне кедергі келтіреді және су басудың негізгі факторына айналады.

Қалада су басу мәселелерін шешу үшін Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша жаңа арық желілерін салуды және нөсер жүйесінің коллекторларын жөндеуді қамтитын кешенді шаралар қабылданауда.

Нөсер кәрізі немесе жаңбыр кәрізі деп аталады, бұл жаңбыр мен еріген суды қала аумағынан тыс жерлерге ағызып жіберуген арналған күрделі инженерлік жүйе. Жаңбыр суына коллекторлар, жаңбыр науалары, арналар, су қоймалары және т.б. кіреді.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

ӨЗ БИГІНДЕ ҚАЛДЫ

Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов Алматыны он жылға жуық уақыт басқарды. Жай басқарған жоқ, шын мәнінде аты аңызға айналған тұлға болып қалды. Батыр шалыс, өр тұлғалы Зәкен шаһарды өмірлік тәжірибесі, білім-білігімен ғана емес, ең бастысы, мінезбен басқарды. Бұл – әлі тәуелсіздікке қол жетпеген, ел іші Желтоқсан көтерілісі алдында тұрған аумалы-төкпелі кезең еді. Алматыда тұратын қазақтардың саны бар болғаны он екі пайыз. Зәкен әңгімені осы деректен бастады. Бұл қалай? Бұл жағдайды кезінде «Алматы ақшамының» тілшісіне былайша тәспірлеп берген екен.

– Мен Алматы Қазақстанның астанасы болғаннан кейін сырттан келген жас қазақтардың осы қалаға сіңіп кетуін, осы жерде өздерінің тұратындығын ресми түрде заңдастырып кеттім. Мен келгенде 1985 жылы 1 миллионнан астам халық тұратын Алматыда 12-ақ пайыз қазақ тіркелінген екен. Алдымыздан «неге бұлай?» деген мүйізі қарағайдай сауал шықты. Ешкім жауап бермейді. Бұған дейін бұл мәселе ешкімді қызықтырмаған, тиісті орындар әлеуметтік зерттеу жүргізбеген, аш бөледен қаш бөле деген принцип ұстанған. Сонымен, біз бұл мәселені май шаммен қарап, оның себеп-салдарын саралауға кірістік.

Мысалы, оқуға түсетін қыз бен жігіттер ауылдан келеді. Қазақстанның әр түкпірінен келгендердің бәрі оқуға түсе алмайды. Ауылдарына қайтысы келмейді. Ұлдардың көбісі құрылысқа, із зауыттарға барады. Ал қыздар болса АХБК, кілем не болмаса тігін фабрикасына барып жұмыс істейді. Солардың жатақханасына «уақытша тіркелді» деген қағаз толтырылады. Олар жүз мыңдап келеді. Мен соның бәрін жойдым.

Қалайша олар сонша жыл жұмыс істеп «уақытша тіркелді», ол осында тұрақты жұмыс істейді. Мен бәріне толық тіркеу жасаттым. Жатақхана жетпей үй жалдап тұрып жұмыс істейтіндер сонда тіркеуге тұрады. Олардың әке-шешесі келетін болса, оларды еш жерге тіркемейді. Шаршы метр жетпейді, тағы да басқа толып жатқан сылтауларды көлденең тартады. Ал бұрынғы тұрғындардың бәрін тіркеліндер ғой, квадрат жетпейді деген жоқсын. Келген қазақты неге тіркемейсің?, – деймін ғой. Мен осының бәрін ретке келтіріп, Алматыдағы қазақтың санын 40 пайызға көтердім.

Расында, ол заманда Алматыда тіркелу деген шағын пәтер алғанмен бірдей болатын. Тіркеуде болмаса өзінді адам санатында жоқтай жағдайға жеткізген және де бұл жасырып керегі не, қолдан жасалған қиындық болатын. Қалалы

жерде жергілікті халықтың санын көбейтпеу жөніндегі Мәскеудің жасырын нұсқауы да болғанын кейін біліп жатырмыз ғой. Ер Зәкен тәуекел деп тас жұтып, тұңғыш рет сол тас қамалды бұзды. Сонымен қатар, осы бүгінгі қарыштап дамып кеткен Алатау ауданының негізін бейресми қалаған да Зәкен еді. Елден келіп, Алматыдан пана таба алмай жүрген қазақтарға осы бүгінгі «Шаңырақтан» жер берді. Қазір ол жердің бәрі заңдастырылып, қаншама отбасы тұрақты қоныстанып, берекелі тірлік кешіп отыр.

Токсаныншы жылдары Алматыны шет жұрттың байшықештері жаулай бастады. Олар өзін өте еркін сезініп, мастанғаны сонша, тіпті жоғары билік орындарының талабына да құлақ аспайтын жағдайға жетіп қалған. Ама! жоқ, Зәкен атқа мінуге тура келді. Солардың бірі КРАМДС корпорациясы. Оны Тё деген кәріс басқарады. Сол шектен шыққан кәрісті қыңсылатып қаладан қуып шыққан да осы кісі еді.

Біз білгенде Зәкеннің аты шықпаған кезі жоқ. Ел үшін туған есіл ердің «ерлігін» айта беруге дерек те, дәйек те жетеді. Жарайды, қолында билік болған соң неге жасамасқа дерсіз. Болып тұрып жасамасқа да бар ғой. Ал енді ұлттық намыс аяққа тапталып жатқанда әлгі «ұлттық кемсітушілікке жол берілмесін» делінетін биліктің псевдопатриотизміне де пысырмай, қызметті ойлау қаперіне де кірмей атқа қонды ғой. Қазаққа қарсы ашық шабуылға шыққан бір танымал орыс басылымын бесігінде тұншықтыруда да Зәкеннің еңбегі зая кеткен жоқ.

Басы ашық ақиқат: ол шаһар басшысы деңгейінде қалған жоқ, үлкен тұлғалық биікке көтерілді. Халқын әлсердей жақсы көрді, халқы да оны төбесіне көтерді. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері З.Нұрқаділов тұлғасын даралауға қазіргі жаңа көзқарастар тұрғысынан келсек, әңгімеге қамшы салудың керегі жоқ. Көңілдегі көрікті ойға өз-өзінен қанат бітіп жүре береді. Оның бойындағы өзге шенеуніктерден көп байқала бермейтін биік рухани өре, адами даралық талантты адамдарға деген құрметін күшейте түскені сөзсіз.

Осы рухани өлшемдер тұрғысынан қарағанда, ол байлық дегенге пысырмады. «Мен егер байлыққа қызығатын болсам, қаланың әкімі болып тұрған кезде Алматының жартысын, облысты басқарып тұрған кезде облыстың жартысын ұлым Қайрат пен қызым Құралайға бөліп берер едім. Тұрды ғой қолымда. 1991 жылы жекешелендіру басталды. Мен бірақ мұның ешқайсысын пайдаланған жоқпын. Не жер, не үй алмаппыз, не бір магазин салмаппыз. Сендер көріп отырған осы үй Мақпал екеуміздің бар байлығымыз», – деп еді ілгеріде «Алматы ақшамына» берген бір сұхбатында.

Иә, Зәкен қандай жағдайда да жан, ар тазалығын сақтап, сол биігінде қалуды ойлады. Ел есінде солай болып қалды.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

ӨМІР-ӨНЕГЕ

«АХ, САМАРА, ГОРОДОК»

әнін Мәскеуде шырқаған қазақ әйелі

Қызылорда облысындағы ақ күріштің отаны атанған Шиелінің даңқын елімізді былай қойғанда, әлем біледі. Қырық бір Социалистік Еңбек Ері шыққан аудан елімізде, көрші мемлекеттерде болса да біреу, екеу шығар... Бүгінгі айтпағымыз, сол 41 Социалистік Еңбек Ерінің бірі де бірегейі, туғанына ғасыр толып отырған – даңқты диқан, аяулы ана Ұлбала Алтайбаева туралы болмақ.



Валентина Терешковамен және басқа делегаттармен бірге.

«Өңірінде қос Жұлдыз,
Жарқырайды ананың.
Үйінде он үш ұл мен қыз,
Бабын да білген даланың.
– Еріміз, – дейді ел мұны,
Еңбекте өсті ол сақайып.
Ұстазы оның белгілі
Академик – Ыбырай Жақаев.
Өсе берсін ұл-қызың,
Намысты қолдан бермедің.
Жарқырасын Жұлдызың,
Жана берсін еңбегің!
Берері көп туған жер,
Жыл емес күн, айыңа.
Екі мәртебелі Ер –
Ұлбала Алтайбаева!...»

Бұл атақты ақын Асқар Токмағамбетовтың «Ана туралы толғау» жырынан үзінді.

Ұлбала Алтайбаева 1923 жылы сұлу Сырдың бойында, шұрайлы Шиелі өңірінде, Еңбекші ауылында дүниеге келген. 1932-1933 жылдардағы ашаршылықты көзімен көрген. Еңбек жолын 1940 жылы Шиелі каналын қолмен қазу жұмысынан бастады. Республикалық маңызы бар құрылысқа белсене араласты.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Социалистік Еңбек Ері (кейіннен осы атаққа екінші мәрте ие болған) ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаев шәкірттерінің бірі ретінде, Сыр өңірі қыз-келіншектеріне үлгі-өнеге болып, күрші өсірумен айналысты. Жақаевшылар қозғалысының бел ортасында жүріп күріш дақылын өсірудің тәжірибесін қалыптастыру, мәдениетін көтеру, гектар өнімділігін арттыру мақсатында аянбай тер төкті.

Күзгі орақ науқаны кезінде жарыс ұйымдастырылады. Белгіленген жердің күрішін орып, тапсырмасын орындаған жүлдегерге бір қой сыйлыққа беріледі. Қой болғанда қандай, семіз құнан қой. Ұл-

бала кейбір құрбылары сияқты «шаршадым» немесе «қорқамын» деместен, айдың жарығымен күрішті түнде де ора беретін. Саусағын кесіп алған да кездері болған. Қайсар да еңбеккер қыз 1946 және 1947 жылдары екі жыл қатарынан бәйгені жеңіп алды. Сондағы қуанышын көпке дейін ұмытпай жүрді. Тек қыз-келіншектер ғана емес, жігіттер де қатысқан қолорақ жарысының жеңімпазы атану қыз бала үшін шынында да ерлік еді. Осылайша болашақ Еңбек Ерінің алғашқы бәйгесі – құнан қой болды.

Ұлбала Алтайбаева жайында сөз қозғағанда жан серігі, ақылшы-кеңесшісі, асыл ері, колхоздың бас агрономы Сұлтанхан Оспанұлын айтпай кету әбестік болар еді. Төрениязов Сұлтанхан Шиелі ауданы, Керделі ауылдық кеңесінде 1923 жылы өмірге келген. Өмір жолын 1940 жылы Еңбекші ауылында колхозшы болудан бастаған. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған. 1943 жылы майданнан ауыр жарақат алып елге оралған соң екінші майдан – тылда бригада есепшісі, өндіріс бригадирі, мектеп мұғалімі болып істеген. Еңбектен қол үзбей жүріп Алматы ауылшаруашылық институтын бітіріп, көрші Жаңақорған және Шиелі аудандары шаруашылықтарында («Келінтөбе», «Сунақата», «Гигант», «Коммунизм») бас агроном қызметін атқарып жүріп зейнетке шыққан. Өмірлік жары Социалистік Еңбек Ері Ұлбала Алтайбаевамен бір шаңырақ астында 13 перзент тәрбиелеп өсірді. Оспанұлын екі майданның ері деуге әбден болады. Оның кеудесінде жарқыраған I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендері бұл сөзімізді дәлелдей түскендей...

белгілі, әрине. Бірақ тумысынан зерек, зерделі Ұлбала бұл қиындықтан шығудың жолын табады. Мінберге шыққан бойда «мен орысша білмейтін едім» деп жасып-жабырқамастан бірден «Ах, Самара, городок» әнін шырқай жөнеледі:

«Платок тонет и не тонет,
Потихонечку плывет.
Милый любит и не любит
Только времечко идет.
Ах, Самара, городок,
Беспокойная я,
Беспокойная я,
Да успокой ты меня, ох...»

Болмысы уяң қазақ қызынан мұндай батылдықты күтпеген концертшілер ду қол шапалақтап, үлкен сарайдың іші у-ду болады. Мәскеуде өткен Азия әйелдерінің конгресіне қатысқан Алтайбаева жайында кейін деректі фильм түсірілді...

Адам ұрпағымен өседі, өнеді, «Жақсы әке баласына 40 жыл азық...» деген ғой, ал ұрпағы өнегелі болса, ата-анаға абырой. Ұлбала мен Сұлтанханның 13 перзентінен тараған ұрпақтың ұзын саны 100-ден асты. Олардың дені Алматыда, қала маңында өмір сүріп жатыр. Алды немере, шөбере сүйіп отыр. Алған мамандығы бойынша еліміздің көркеюі мен халықтың әл-ауқатының жақсаруы тұрғысында тер төгіп жүр. Арасында ғалым да, дәрігер де, ұстаз да бар. Ата дәстүрге адал болу, әке-шеше данқына дақ түсірмеу текті ұрпақтың негізгі мақсаты.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
«М.Шолохов» алтын медалінің иегері, Қазақстанның құрметті журналисі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МККК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (интернат) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (ПМПК және ППТК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет. 2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatauaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Және жазылушылар үшін
6433,44 теңге

95503 | Жөңілдікпен ҮОС қатысушылар, зейнеткерлер,
мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін
4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.



4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы
№4/524-633 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Грицай Татьяна Фёдоровна, Грицай Елена Николаевна, Белебеха Надежда Николаевна, Грицай Николай Андреевич	20-311-023-345	Райымбек даңғылы, 202/4, 1-пәтер	жалпы - 0,1236 үлесі - 0,0539
2	Көкебаев Серікқазы Көкенұлы	20-311-023-345	Райымбек даңғылы, 202/4, 2-пәтер	жалпы - 0,1236 үлесі - 0,0697
3	Маслова Валентина Павловна, Маслов Кирилл Геннадьевич, Маслова Валентина Павловна	20-311-023-210	Райымбек даңғылы, 202/5, 1-пәтер	жалпы - 0,0956 үлесі - 0,0526
4	Жуйков Александр Николаевич	20-311-023-210	Райымбек даңғылы, 202/5, 2-пәтер	жалпы - 0,0956 үлесі - 0,0430
5	Конькова Наталья Ивановна, Коньков Сергей Александрович	20-311-023-249	Райымбек даңғылы, 204/4, 1-пәтер	жалпы - 0,0881 үлесі - 0,0440
6	Зайкова Тамара Николаевна, Зайков Дмитрий Николаевич, Зайкова Наталья Дмитриевна	20-311-023-249	Райымбек даңғылы, 204/4, 2-пәтер	жалпы - 0,0881 үлесі - 0,0431
7	Павский Артем Романович, Копылова Антониде Ивановна	20-311-023-365	Райымбек даңғылы, 206/5, 2-пәтер	0,0459
8	Налибаева Карлыгаш Кожамбетовна, Налибаева Маржан Кожамбетовна, Кожамбет Сандугаш Кожамбетқызы, Налибаев Кожамбет Абиевич, Жантенова Айкин Утежановна, Налибаева Меруерт Кожамбетовна	20-311-023-203	Райымбек даңғылы, 206/6	0,0551
9	Жантенов Сағат Утежанович	20-311-023-077	Райымбек даңғылы, 206/4, 1-пәтер	жалпы - 0,0998 алынатын бөлігі - 0,0383
10	Курманғалиев Жумагелды Ауесханович, Курманғалиева Алтын Тажкуловна	20-311-023-077	Райымбек даңғылы, 206/4, 2-пәтер	жалпы - 0,0998 алынатын бөлігі - 0,0259
11	Ахманова Жадра Болатовна	20-311-023-077	Райымбек даңғылы, 206/8, 4 А пәтер	жалпы - 0,0998 алынатын бөлігі - 0,0356
12	«МТС Компани Лтд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-023-595	Райымбек даңғылы, участок 206/13	жалпы - 0,3004 алынатын бөлігі - 0,0600

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы №4/524-634 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық пилоттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Салынып жатқан 2500 орынды мектепке кіреберіс жол құрылысы үшін және тұрақ кеңістігі Алматы қаласының Бостандық ауданы, Егізбаев көшесінің оңтүстігінде, Тәжібаева көшесінің батысында мекенжайында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы
№4/524-634 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Товарищество с ограниченной ответственностью «Astana Realty Plus»	20-313-033-467	Егізбаев көшесі, 9	жалпы - 2,6707 алынатын бөлігі - 0,3807
2	Жабағиев Газиз Кожжаханович	20-313-033-404	Егізбаев көшесі, 11	0,4308
3	«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы	20-313-033-220	Егізбаев көшесінің оңтүстігінде, Тәжібаев көшесінің батысында	0,0025
4	Рахимов Пархат Умирбекович	20-313-033-269	20-шы линия тар көшесі, 1	0,0481
5	Қуатова Жамаш Кайсаровна	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0130
6	Ботанбекова Карлыгаш Рахматуллаевна, Қуатова Эльвира Рахматуллаевна, Қуатов Гани Рахматуллаевич, Қуатов Ерлан Рахматуллаевич	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0086
7	Квитко Светлана Анатольевна	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0436
8	Квитко Анатолий Семенович	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0437
9	Вялых Людмила Алексеевна	20-313-033-117	20-шы линия тар көшесі, 2 А	0,0467
10	Жаникеева Балжан Кайырлыновна	20-313-033-322	20-шы линия тар көшесі, 3	0,0394
11	Табылдиева Набира Сырғабаевна	20-313-033-070	20-шы линия тар көшесі, 4	жалпы - 0,0438 үлесі - 0,0188
12	Янковская Елена Александровна, Янковская Алина Александровна	20-313-033-262	20-шы линия тар көшесі, 5	0,0559
13	Абракин Сергей Викторович, Николаева Надежда Викторовна, Волкова Валентина Викторовна,	20-313-033-017	20-шы линия тар көшесі, 7	жалпы - 0,0675 үлесі - 0,0197
14	Дроздова Нина Викторовна	20-313-033-017	20-шы линия тар көшесі, 7	жалпы - 0,0675 үлесі - 0,0066
15	Тергеубаев Бахыт Туебаевич, Тергеубаева Нағима Сундиптаевна	20-313-033-145	20-шы линия тар көшесі, 9	0,0360
16	Амерханов Бейбіт Абеуович, Амерханова Кульмайра Рагдановна	20-313-033-050	20-шы линия тар көшесі, 9 А	жалпы - 0,0316 үлесі - 0,0126
17	Воинков Даниил Владимирович	20-313-033-050	20-шы линия тар көшесі, 9 А	жалпы - 0,0316 үлесі - 0,0190
18	Нигаи Наталья Прокопьевна, Пак Леонид Приморьевич	20-313-033-113	Бахтангов тар көшесі, 11	0,0673
19	Рахимова Арай Александровна, Сайлыбаев Максат Жомартович	20-313-033-067	Бахтангов тар көшесі, 13, 1-пәтер	жалпы - 0,0316 үлесі - 0,0197
20	Блажнова Наталья Валерьевна, Блажнов Дмитрий Вячеславович	20-313-033-067	Бахтангов тар көшесі, 13, 2-пәтер	жалпы - 0,0316 үлесі - 0,0433
21	Батырбеков Болат Бажикович	20-313-033-302	Бахтангов тар көшесі, 15	0,0484
22	Букенбаев Адилжан Октябрович	20-313-033-230	Бахтангов тар көшесі, 17	0,0633
23	Акоева Лариса Сергеевна	20-313-033-048	Бахтангов тар көшесі, 19	0,0592
24	Абрамова Екатерина Николаевна, Абрамов Олег, Абрамова Татьяна Владимировна,	20-313-033-039	Бахтангов тар көшесі, 21, 1-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0084
25	Абдуллин Тимур Алипбаевич, Абдуллина Алма Амирбековна	20-313-033-039	Бахтангов тар көшесі, 21, 2-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0211
26	Корниенко Евгения Олеговна, Егорова Лариса Андреевна, Егорова Наталья Витальевна	20-313-033-039	Бахтангов тар көшесі, 21, 3-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0348
27	Джакишылыкова Алма Шамильевна	20-313-033-039	Бахтангов тар көшесі, 21, 4-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0113
28	Сағынды Бибол Ерболұлы	20-313-033-401	Бахтангов тар көшесі, 23	0,0295
29	Жунисбекова Акмарал Халиковна	20-313-033-350	Бахтангов тар көшесі, 23	0,0041
30	Жунисбекова Акмарал Халиковна, Мұстафаев Ербол Сағындықұлы	20-313-033-402	Бахтангов тар көшесі, 23 А	0,0435
31	Кызғарина Зайраш	20-313-033-153	Тұрғыт Өзал көшесі, 338	жалпы - 0,0524 үлесі - 0,0288
32	Джамалбеков Нурлан Дженисбаевич	20-313-033-153	Тұрғыт Өзал көшесі, 338	жалпы - 0,0524 үлесі - 0,0236



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-25.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ КЕШ

С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінде «Ғабит әлемі» атты тақырыпта әдеби-танымдық кеш өтті. Кеште «Ғабит Мүсірепов кім?» атты кітап та таныстырылды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әрине, сөз зергері, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері, драматург, аудармашы, академик Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы бізге, яғни алдыңғы буынға жақсы таныс. Бірақ бүгінгі және келер ұрпақ та жақсы білуге тиіс. Әдеби-танымдық кешті ашқан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып осы жөнінде баса атап өтті.

Кешке қаламгердің көзі, қызы Гүлнар Ғабитқызы, шаһардағы Ғ.Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназия оқушылары да қатысып отырды. Жасөспірімдерге иллюстрациялы «Ғабит Мүсірепов кім?» кітабы ұсынылды, ал олар өз

СӨЗ ЗЕРГЕРІ

«Ғабит Мүсірепов кім?» кітабының жасөспірімдер жүрегіне жол табатынына сенеміз



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

кезегінде қуана қабыл алып, бірден парақтап көріп жатты.

Қаламгердің өмірі мен шығармашылығының айшықты кезеңдері баяндалған кітаптың авторы – ақын Әділғазы Қайырбеков. Кітап «Мазмұндама» баспасында басылып шыққан. Осы орайда айта кетсек артық болмас, «Мазмұндаманың» миссиясы – қазақ тілінің

мазмұнын дамыту арқылы ұлттың болашағына қызмет ету.

«Ғабит Мүсірепов кім?» кітабының ерекшелігі сонда, шап-шағын, жып-жинақы, мұқабасы да тартымды. Балалар мен жасөспірімдердің таным деңгейіне арналып, тез қабылдай алуы үшін әзірленген.

– Әрине, қазақтың тұлғаларына арналған кітаптар былай да шығып

жатыр. Бірақ олардың барлығы үлкен-үлкен қалың кітаптар. Нарыққа арналмаған кітаптар болғасын олар өтпейді. Сондықтан осындай шағын кітаптарды шығаруды қолға алғанбыз. Нәтижесі жаман емес. Мысалы, осы кітаптың авторы Әділғазы ағамызға айттық, «Ұлы жазушы немесе ұлы адам болды деп бәрін тізбелеп жазып отырмай, сол ұлылығын бір тағылымды, жанды оқиғамен, әлдебір хикаямен жеткізсек. Сосын оқырман сол арқылы оның ұлылығын өзі оқып, түсініп алса» деді. Біздің негізгі концепциямыз осы. Міне, көріп отырғандарыңыздай, кітап сол үдеден шыққандай. Ішінде оқырмандарын жалықтырып алмай, жетелеп отыратын тартымды суреттері де мол. 2 мың данамен жарық көрді. Жас оқырмандарының көп болатынына сенеміз, – деді «Мазмұндама» қоғамдық қоры баспасының төрағасы Шыңғыс Мұқан.

Әдеби-танымдық кеш барысында меймандар Ғ.Мүсірепов музейінің былтыр, жазушының 120 жылдығы қарсаңында заманауи келбетке ие болған, жаңғыртылған экспозициясымен танысты. Күрделі жөндеуден, модернизациядан және реэкспозициядан кейін Ғабит Мүсірепов музейі еліміздегі алғашқы заманауи-мультимедиялық әдеби

орталыққа айналып шыға келді. Нәтижесінде музейге келушілер саны да артты деп отыр қызметкерлер.

Жөндеу барысында музей заманауи құрал-жабдықтармен, оның ішінде ақпараттық стендтермен, мультимедиялық жүйемен, контентті сенсорлық басқаруы бар проекциямен, мультимедиялық тащ-панельдермен жабдықталды. Реэкспозиция нәтижесінде әдеби зал да қайта жасакталған. Стендтерде жазушының отбасы, балалық шағы, білімі, әдеби жолдың басталуы және т.б. туралы мәліметтер келтірілген өмірі мен шығармашылық жолы ұсынылған. Мұражайда, сондай-ақ Ғабит Мүсірепов жазған, оның ішінде «Амангелді», «Қыз Жібек», «Бір рет және өмір бойы», «Қауын» фильмдерін көрсету үшін арнайы кинозал ашылды.

Еске салсақ, Ғ.Мүсірепов музейінің алаңы 114,6 шаршы метрді құрайды. 2 мемориалдық бөлме, 1 әдеби зал бар. Мемориалдық бөлмедегі заттар (жазу үстелі, кітапхана, жеке тұтыну заттары, сыйлық заттары және т.б.) бұрынғы күйінде сақталған.

Қазақ сөзіне, қазақ әдебиетіне адал болған тұлғаның ғұмыры осылайша ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатыр.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

СЫНДАРЛЫ СЫНШЫ

Алматыда Бейсембай Кенжебайұлының құрметіне мемориалдық тақта ашылды

Бүгін Алматыда көрнекті әдебиеттанушы ғалым, профессор Бейсембай Кенжебайұлының құрметіне мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Бейсембаев, қазақ әдебиетінің майталманы Дулат Исабеков, М.Әуезов атындағы Мәдениет және өнер институтының директоры, академик Кенжехан Матыжанов және әдебиеттанушы ғалымның шәкірттері, туған-туыстары, жас әдебиет сүйер қауым қатысты.

Шараны Бейсембай Кенжебайұлының шәкірті, әдебиеттанушы, филология ғылымының докторы, профессор Құлбек Ерғөбек жүргізіп отырды. Мемориалды тақтаны ашуға мұрындық болған

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев айтулы күнде жиналған қауымға ризашылығын білдірді.

Бейсембай Кенжебайұлы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор. «Жас қайрат», «Лениншіл жас», «Кеңес туы», «Оңтүстік Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» газет-журналдарында еңбек еткен.

Жазушы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков сөйлеген сөзінде әдебиеттанушы ғалым туралы естеліктерімен бөлісті. Әсіресе, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ол заманда Киров атындағы мемлекеттік университет) білім алып жүрген кездегі ұстаздық еткен күндерді еске алды.

«Бейсекең біздің КазГУ-де

оқып жүргенде сабақ берді. Мен сол үшін өзімді бақытты сезінемін. Қайратты, шашы кірпікшешеннің тікенегіндей, диірменнің тасын қойсаң жатпайтын шаш болатын... Батыл-батыл пікірлерін айтып келіп, сендер осыған қалай қарайсындар, – дегенде, бәріміз қолдаушы едік. Тұрып-тұрып, әй осы сендер өтірік қолдайсындар ғой дейм. Неге менің айтқанымның бәрін қолдай бересіндер, – деп таңқалатын. Шындықты айтпайсындар ғой сендер...», – деп естеліктерімен бөлісті.

Ал Кенжехан Слямжанұлы Матыжанов болса, «Біз Бейсекеңнің дәрісін тындамадық. Бірақ біздің ұрпақ Бейсекеңнің еңбектері мен кітаптарыменен ауызданған ұрпақ», – деп атап өтті. Ғалымның XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мәселелерін концептуалды деңгейде зерттегенін айрықша айтты.

Салтанатты шарада Бейсембай Кенжебайұлына арналған екі кітаптың тұсауы кесілді.

МЕРЕЙ

ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕТКЕН ҒАЛЫМ

Дүкен Мәсімханұлының мерейтойы аталып өтті

Алматыда қытайтанушы-ғалым, белгілі ақын әрі аудармашы, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, ф.ғ.д., профессор Дүкен Мәсімханұлының 60 жасқа толуына орай халықаралық ғылыми-конференция өтті. Ғалымның шығыстану, қытайтану, көркем аударма және әдебиет саласындағы еңбектерін қамтыған бес кітабының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.

Естай
БОЖАН

Ұлттық кітапхананың жиын залында басталған іс-шараға елімізден және алыс-жуық шетелден шығыстанушы, тарихшы-ғалымдар, сөз зергерлері, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ, дипломаттар қатысты.

Д.Мәсімханұлының мерейтойына орай өткен іс-шарада қара шаңырақ Қазақ ұлттық университетінен бастап еліміздегі қабырғалы білім ордаларының, түрлі институттардың арнайы өкілдері құттықтауларын жеткізіп, сый-сияпаттарын табыстады. Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы мен Еуразия ұлттық университетінің және «Күлтегін» медальдарын кеудесіне тақты.

Ауқымды іс-шарада Алматы қаласы әкімдігінен бастап, түрлі ресми орындардың арнайы құттықтаулары оқылды. Сонымен бірге, Иран Ислам Республикасының, Қырғыз Республикасының және Венгрияның Қазақстандағы елшіліктерінің өкілдері мен дипло-

маттары ғалымды мерейтойымен құттықтады.

Іс-шараның алғашқы отырысында Д.Мәсімханұлының «Шығыс әлемі: Аңыз бен шындық» ғылыми зерттеулер жинағы; «Қытай қаламгерлерінің таңдамалы шығармалары» деп аталатын (5 томдық) көркем аудармалар жинағы; «Жүрегімнің жұмбағы» атты жыр жинағы, сондай-ақ, «Ұлт пен рух» ғылыми зерттеулер, әдеби портреттер жинағы сияқты авторлық төрт еңбегімен қоса, «Ғалым. Ұстаз. Ақын. Аудармашы. Азамат» атты Д.Мәсімханұлы туралы мақалалар жинағының да тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.

Қытайтанушы ғалым, әрі ұлағатты ұстаздың атаулы мерейтойына орай өткен іс-шара одан кейін «Қазақстан және Шығыс елдері: тарихи-мәдени һәм саяси ынтымақтастықтың жаңа кырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты. Онда қазіргі кезеңдегі отандық шығыстану ғылымының даму бағыттары талқыланды. Сондай-ақ, Дүкен Мәсімханұлының өмірі мен ғылыми шығармашылығына, оның отандық шығыстану ғылымына қосқан үлесіне қатысты әңгіме өрбіді.